

Металлургтер қаласы:
жүктеме де,
жұмыс та көп
2-бет



Орынсыз алаңға
негіз жоқ
3-бет



Қошқарбаев
іргесін қаласқан
5-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 6 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ №50 (23 226)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері! Құрметті қарағандылықтар!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл бәріміз үшін тарихи мәні ерекше күн. Жыл сайын біз Ұлы Отан соғысына қатысқан аталарымыз бен әкелерімізді еске аламыз.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әскер қатарына миллионнан астам қазақстандық қосылды. Олардың әрқайсысы Ұлы Жеңіске жетуге үлес қосты. Сұрапыл соғыс жылдарында Қазақстаннан барған генерал И.В.Панфилов басқарған 316-шы атқыштар дивизиясы және полковник А.Ф.Наумов басқарған 312-ші атқыштар дивизиясы мен Б.Момышұлы басқарған 1073-ші атқыштар полкі басқыншыларға қарсы ерлікпен шайқасты.

Біз бұл соғыста жауға қарсы атой салған халқымыздың ұлдары мен қыздарын мақтан тұтамыз, олардың ішінде М.Ғабдуллин, автоматшы Т.Тоқтаров, пулеметші М.Мәметова, мерген Ә.Молдағұлова, ұшқыштар Т.Бигелдинов, Л.Беда, И.Павлов, С.Луганский, Қ.Қайсенов, Ғ.Ахмедьяров, Б.Жангелдин, Ә.Шарипов және т.б. бар. Ұлы Жеңістің жақындауына тыл еңбеккерлері де зор үлес қосты, олар күндіз-түні егіс даласында, фермалар мен зауыттарда, фабрикаларда жұмыс істеді. Аға буынның осынау ерлік ісі біздің жадымызда.

Сіздерді Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймыз! Құрметті ардагерлер мен тыл еңбеккерлері. Біз сіздерге зор денсаулық пен бақ-береке тілейміз. Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Ардагерлер ардақталды

Соғыс басталғанда 178 мың қазақстандық әскер қатарында болса, майданға 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған. Еліміздің 500-ден астам жауынгері Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Мыңдаған қазақ партизандық қозғалысқа белсене қатысып, тылда еңбек етті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстандықтардың Жеңіске қосқан үлесі мол» деген еді. Бүгінде елге аман-есен оралған ардагерлердің қатары сиреген. Қарағандыдағы «Аристар» салтанат сарайында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бастаған ел азаматтары Жеңістің 78 жылдығына орай Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тылда табанды тер төккен еңбек ардагерлерінің құрметіне мерекелік іс-шара ұйымдастырып, дастархан жайды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара басында о дүниелік болған ардагерлер бір минут үнсіздікпен еске алынып, бабалар рухына тағзым етілді.

– Құрметті ардагерлерімізді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген дана сөз бар. Бұл Жеңіс майдангерлердің ерен ерлігі мен қайсарлығының, тыл еңбеккерлерінің үлкен еңбегінің арқасында келді. Елдің азаттығы мен ұрпақтың жарқын болашағы үшін жанын пайда еткен жауынгерлерді мәңгі есте сақтау – біздің қасиетті борышымыз, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Облыс әкімі атынан ардагерлерге гүл шоқтары тарту етілді.

Бүгінде облыста 13 соғыс ардагері мен 4027 тыл ардагері бар. Салтанатты шараға 30-ға жуық соғыс және тылда еңбек еткен ардагер қатысты. Олардың арасында 106 жастағы Тұмар Ысқақова да бар. Өмірлік серігі соғыста ерлікпен қаза тапқан. Еңбекке ерте араласқан. Далада жұмыс істеп, мал да баққан. Ұлы Отан соғысы кезінде ауылдастарымен бірге майданға қажетті керек-жарақ жинап, сарбаздарға шұлықтар

мен жылы киімдер тоқыпты. Бүгінде екі ұлдан төрт немере, сегіз шөбере сүйіп отыр. Жыныға қатысқан әрбір ардагер осындай өмір жолынан өткен қайсар жандар. Олардың өмірі үлгі-өнегеге толы.

Іс-шарада Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншілері әуелете ән шыққады, би ұжымдары мың бұрала би биледі. «Әлия» әніне шағын сахналық көрініс те көрсетті. Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының әртістері «На привале» театрландырылған музыкалық қойылымын ұсынды. Т.Бигелдинов атындағы республикалық әскери мектебінің тәрбиеленушілері ардагерлерге тік тұрып, қызмет етті.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Қобжанов, облыстың ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төрегожин сөз сөйлеп, ардагерлерді Жеңістің 78 жылдығымен құттықтап, олардың ерлік істеріне тоқтады. Бүгінгі бейбіт әрі берекелі өміріміз сол жанкешті батырлардың көзсіз ерлігінің арқасы екенін тілге тиек етті.

Оралды Тұрсынұлы Ұлы Отан соғысының ардагерлері Григорий Степенко мен Анна Котоваға «Қарағанды облысының Құрметті ардагері» төсбелгісін табыстады.

– Мен барлығыңды жақсы көремін. Құшағыма сыйсаңдар, бәріңді құшақтап, беттерің

нен сүйер едім. Осы бейбіт күнді көру бізге бұйырды. Қазақстандықтар соғыста асқан ерлік көрсетті. Жеңісті жақындауға сүбелі үлес қосты. Қанға сіңген патриотизм мен асқақ рух соғыста да медет болды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Көрсетіп жатқан құрметтеріңе мың алғыс, – деді Григорий Петрович.

Еңбек ардагері Әзімбек Қаримов ақсақал соғыс кезіндегі басынан кешкен оқиғаларымен бөлісіп, сөзін салқалы батамен тұздықтады. Еңбек ардагері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Сағадат Дүйсебеков көпшілікті Жеңіс күні мерекесімен құттықтап, ардагерлерге зор денсаулық тіледі. Басқа да ардагерлер өз естелігімен бөлісті, әнді қосыла шықпап, би де биледі.

Н.Әбдіров атындағы орта мектептің «Жас сарбаз» сыныбы оқушылары қазақ және орыс тілінде ант берді. «Әсел» вокалды ансамблі «Бақытты болашақ» әнін шыққады. Ән айтылып жатқанда оқушылар ардагерлерге гүл сыйлады. Әннің финалында балалар хормен «Жеңіс үшін рақмет!» дегенде өне-бойымыз шымырлап қоя берді.

Салтанатты жиын «Мерей» ансамблінің орындауындағы «День победы» әнімен мәресіне жетті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ұлы Жеңіске
78 жыл
Соғыстың
соңғы сарбаздары

Өтелбай ОРЫМБАЕВ



1924 жылдың 13 қарашасында бұрынғы Целиноград облысы, Алексеевка ауданы, Рамадан ауылында дүниеге келді.

Ұлы Отан соғысына 1942 жылдан қатысқан. Воронеж, Степной, II Украина фронтында ұрыс қимылдарына қатысты. Майданда үкіметтік жоғары жүйелікті байланыс бөлімшесінің командирі болды. 1947 жылы қазан айында мүгедектігі бойынша әскери қызметтен босатылды.

Бейбіт уақыттағы еңбек жолы 1948 жылы Ақмола қаласында байланыс жүйесінде басталды. 1969 жылдан 1975 жылға дейін Қарағанды қаласында облыстық атқару комитетінде бас референт, Совет ауданының жинақ кассалар орталығының басшысы, кейінірек облыстың жинақ кассалары басқармасының тексеру бөлімінің бастығы қызметін атқарды. I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Жеңіс күніне арналған мерекелік медальдармен марапатталды.

Анна Никаноровна КОТОВА



1924 жылы 21 қаңтарда Воронеж облысы, Михайлов ауданы, Голос ауылында дүниеге келген.

Соғыс басталысымен ол медикелік курсқа оқуға кетті.

1942 жылы әскери комиссариатқа берген үшінші өтінішінен кейін майданға аттанды. II Украина майданында аурухананың медикесі болды.

1946 жылы демобилизацияланды.

II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «Украинаны фашистік басқыншылардан азат еткеніне 60 жыл», «Санитарлық қызметтің үздігі» медальдары, өзге де мерейтойлық наградалары бар.

Вера Тимофеевна ШАПОВАЛОВА



1923 жылы 7 қыркүйекте дүниеге келген. Краснодар өлкесінің Мимизбек станицясының тумасы.

1942 жылы әскер қатарына шақырылды. Закавказье, Украина, Беларусь, Балтық майдандарында Әуе қорғанысы әскерлерінің авиациялық полкінің құрамында зеңбірекші ретінде соғысқан. II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған, көптеген мерейтойлық медальдарға ие.

Соғыстан кейін Теміртау қаласына келді. Ұзақ уақыт Карметкомбинатта жұмыс істеді.

• КЕЗДЕСУ

Майдангер суретші мұрасы

Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі қылқалам шебері Владимир Ворохобиннің туғанына 100 жыл толуына орай облыстық бейнелеу өнері мұражайында кездесу өтті. Суретшінің қызы Людмила Епанешникова мұражайға әкесінің 14 туындысын тарту етті.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Владимир Ворохобин – Саран қаласының Құрметті азаматы, суретші, график, фотограф. Бірнеше буын шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Оның шығармашылық мұрасынан кеншілер өлкесінің индустриалды қалыптасуы мен сұрапыл соғыстың ашы шындығын, шынайы бейнесін көруге болады. Тағы бір айта кетерлігі, табиғи сұлулық та оған



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 492.22

• USD/KZT 445.29

• RUB/KZT 5.69

• CNY/KZT 64.39

Қазақстан Ұлттық Банкінің 5 мамыр, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Металлургтер қаласы: жүктеме де, жұмыс та көп

Металлургтер шаһары шырайлана түспек. Алдағы уақытта қала аулаларында 30 ойын алаңы мен 10 футбол алаңы орнатылады. Биыл 52,5 шақырым автожол жөнделіп, жарық бағандары жаңартылады. Қауіпсіздікті күшейту мақсатында бейнебақылаулар қойылады. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртауға барған жұмыс сапарында тұрғындармен кездесіп, мәселелерін тыңдады. Қаладағы бірқатар нысандарды аралап, қала әкіміне тиісті тапсырма жүктелді.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатаң талап жүйелі жұмыс үшін

Әкім Теміртау қаласында ЖЭО-2 жетінші қазандықтың құрылысына көңілі толмайтын жеткізіп, мердігерге жұмысшылар санын көбейту және жұмыс кестесін қатаң сақтауды тапсырды.

Қазіргі уақытта жетінші қазандықтағы жұмыстың 70 пайызы орындалды. Жұмысқа 200 адам жұмылдырылып отыр. Мердігер толық жұмысты қазан айында аяқтаймыз деп отыр. Ермағанбет Бөлекпаев мердігерге жауапкершілікті еске салып, қазандықты мерзімінде іске қосу міндетін қойды.

– Биыл біздің басты міндетіміз – қала тұрғындарын сапалы жылумен қамтамасыз ету. Біз жөнделуі уақытында бастап, уақытында аяқтауымыз керек. Жөнделу жұмыстары кестеден кешікпеуі керек, – дейді аймақ басшысы.

Ермағанбет Қабдулаулы Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбековке энергетикалық қадағалау департаментімен және энергетика басқармасымен бірлесіп, бұл мәселені бақылауда ұстауды тапсырды.

Қалада 10 мамырдан кейін жылу желілерін ауыстыру бойынша ауқымды жұмыстар жалғасуда. Ермағанбет Бөлекпаев жылу магистральдарын қайта құрумен айналысатын мердігерлермен кездесті. Биыл алты жоба жүзеге асырылуға, 29 шақырымға жуық жылу желілерін жөнделу керек. Қазіргі уақытта №1 жылу магистралі учаскесі бойынша барлық дайындық жұмыстары жүргізілді. Амангелді көшесіндегі №2 жылу магистралінде 1,8 шақырым жөнделді, Абай көшесінде 4,6 шақырым құбыр ауыстырылады. Республика даңғылынан Амангелді көшесіне дейін Металлургтер даңғылындағы №3 жылу магистралінде күрделі жөнделу жұмыстары аяқталады. Мердігер барлық жұмыстарды қыр-



қүйек айында аяқтауға уәде берді.

Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау қаласының әкіміне жылу желілерін қайта құруды қатаң қадағалауды тапсырды.

гон жарамсыз болып қалған. Көбісі 40-ыншы жылғы, 2 миллион шақырымнан аса жол жүріп тастаған. Трамвай жолдарын жаңарту қажет. Техникалық тексеру жүргізіліп,

жастар ұйымдарын көшіру, дыбыс жазу студиясын ашу жоспарлануда. Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін де инклюзивті үйірмелер жұмыс істейді. Ардагерлер ұйымы да осында орналасады.

Нысанды қыркүйек айында тапсырады.

Көше көркейіп, қала түрленеді

Жоғарыда атап өткен балалардың ойын алаңы 6, 7 және 8-шағынауданның, 70-оранның, Республика, Бейбітшілік және Металлургтер даңғылының, Ш.Уәлиханов, Абай, Бәйсейітова, Чернышевский, Н.Әбдіров, Теміртау және Қазақстан көшесінің ауласында орнатылады. Он футбол алаңынан басқа, үш жаңа спорт алаңын жабдықтауға уәде беріп отыр қала әкімі Ораз Тәуірбеков. Ақтау кентінде де бес ойын алаңы салынады. Мұнда көпқабатты үйлердің қасбеті мен шатыры жөнделеді. Биыл осындай жұмыспен 14 үйдің қамтылатынын айтты қала басшысы. Онымен қоса, ақталық тұрғындар орталық жылу қазандығын салуды көптен бері көтеріп келген еді. Жобалау-металдық құжаттары әзір. Қазір мемлекеттік сараптамада. Кенттің Шығыс, Пошта және Коллективная көшесіндегі 6,6 шақырым жолды жөнделу қарастырылып отыр.

Кездесуде тұрғындар медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігі, ТКШ жай-күйі мәселелерін көтеріп, бұқаралық спортпен шұғылдануға көбірек мүмкіндік беруді сұрады. Бірқатар өтініштер бойынша Ермағанбет Бөлекпаев бірден қала басшылығына тапсырма берді.

Кездесу соңында облыс әкімі азаматтарды жеке қабылдады.

Ермағанбет Қабдулаулы «Горка Дружбы» шағын ауданындағы №2 үйдің тұрғындарымен жеке кездесті.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Трамвай паркі жаңарады

Облыс әкімі Теміртау трамвай паркіне де барды. Осы жылдың басынан бастап, трамвай қозғалысы тоқтатылды. «ТАА» ЖШС басшысы Нұрлан Рысбековтің айтуынша, трамвай паркін қалпына келтіру үшін көп қаражат қажет. Барлық ва-

жоба әзірленгеннен кейін трамвай паркін Теміртау әкімдігінің балансына беру мәселесі де шешімін табатын болды. Облыс әкімі қала тұрғындары үшін трамвай көлігінің аса маңызды екенін атап өтті.

Сондай-ақ, Ермағанбет Бөлекпаев қалалық мәслихат депутаттарымен кездесіп, тұрғындар көтерген өзекті мәселелерді талқылады.



Орталық жылыту қазандығы орнайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8-ші шақырылған ел Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында биыл қыстың көзі қырауда бірқатар аймақта қалалар мен елді мекендердің жылуымен қамтамасыз етілуін, әбден тұзған энергетика инфрақұрылымының әрен жұмыс істеп тұрғанын, оның қуатын қалыптастыру қажеттігін тағы да атап айтқан болатын.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алты ай қыс болатын Арқадағы біздің облыста сондай тосын оқиға орын алмаса да, жер-жерде жағдайдың оңып тұрғаны да шамалы. Соның бірі соңғы уақытта өндірістік әлеуеті арта түскен Саран қаласы деуге болады. Мұндағы көпқабатты үйлер мен әлеуметтік-өнеркәсіптік кәсіпорындар жылдар бойы 20 шағын қазандық арқылы жылытылып келген. Олардың мұрагерлерінен будақтап ұшқан түгін ауаны ластан қана қоймай, тозығы жеткен жабдықтау жаман-жасқап,

жөнделумен ілдәлап күн кешкен еді. – Енді келесі жылдан бастап сарандықтар бұл азаптан құтылады. Қаладағы қаптаған қазандық орнына бір ғана орталық қазандық орнайды, – дейді «Саран қаласының құрылыс бөлімі» ММ басшысы Салжан Балабаев. – Ол экологиялық жағынан да тиімді. Өйткені оған Шұбаркөлдін ұсақ көмірі жағылып, ол одан әрі ұнтақталып, қазандыққа түсіп, жанғанда, одан тіпті күлі де қалмайды. Энергетиктер тілінде мұны «Қайнаған қабат технологиясы» дейді.

Міне, аталған маңызды нысанды салуға осы қалалық құрылыс



бөлімі тапсырыс беріп, «Темір Заб» ЖШС болып белгіленген. Оның ау бастағы жобалық-металдық құны – 6 939 256 448,08 теңге болса, кейінде құрылыс материалдары мен логистиканың қымбаттауына байланысты 2023 жылдың ақпанында ол қайта қаралып, 9 миллиард 118 миллион 574 мың 38 теңге болып бекітіліпті.

Сарандағы орталық қазандықтың құрылысы 2020 жылдың қыркүйек айының басында қала мен бұрынғы Резина-техникалық бұйымдар зауытының аралығындағы ашық алаңқайда басталған. Жалпы құрылыс алаңы 10 722 шаршы метрді алып жатқан нысандағы жұмыстардың кәсіпорындарын жылумен қамтамасыз етпек.

Сондай-ақ, «Юбилейная» қосалқы станциясынан орталық жылыту пунктінің ғимаратына жоғары вольтті (10 кВт) желі тартылған.

Қазірде қазандық құрылысы басындағы 80 құрылысшы насос станциясы мен резервуардың құрылысын жүргізіп, қазандық аумағына

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»

РММ Қарағанды филиалы хабарлайды

Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары! Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қарағанды филиалы жалған ақша жасау фактілерінің жиілеп кетуіне байланысты Сізді қырағы болуға және осы банкноттарды жалған банкноттардан ажыратуға көмектесетін бірнеше ережелерді сақтауға шақырады.

Алдымен банкнотты сезу қажет. Банкнот қағазының өзіндік ерекше сықырлау дыбысы бар. Банкноттарда бедерін салатын арнайы мөр бар. Бұл бедерді «Қазақ Елі» монументі суреттелген, банкноттар номиналының әріптік бейнесі, сауләттік бейнелер, Қазақстан картасы және «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген сөздер жазылған жерде сезуге болады.

Барлық банкноттарда көру қабілеті нашар адамдарға арналған, қармалағанда жақсы ажыратылатын, жоғары бедерлі элементтер түріндегі белгілер бар.

Содан кейін банкнотты мұқият қарап шығу керек. Банкноттың түсі айқын және кереғар болуы керек, су таңбасы мен номиналдың сандық бейнесін көру үшін банкнотты жарық сәулесіне қарау қажет.

Сол сияқты, банкноттың бетіне жазулары бар үзік-үзік түрінде шығатын тұтас магниттік және сүнгірі тізбекке назар аудару керек, олар өтіп бара жатқан жарықта жазулары бар біртұтас тізбек сияқты анық көрінеді.

Сонғысы, банкнотты аудару керек. 1000, 2000, 5000, 10000 және 20000 теңге номиналды банкнот-

тарда түсі өзгермелі бояумен салынған сурет түріндегі бейнелер бар. Банкноттың күлтеу бұрышы өзгерген кезде суреттердің түсі жасылдан алтыңға дейін өзгереді.

Номиналы 2000 және 5000 теңге номиналды банкноттардың сыртқы жағында голографиялық жолақ бар. Голограммдағы суреттер түрлі түске еніп құбылады және серпінді әсері бар.

Көрсетілген сезіңіз, қараңыз және аударыңыз деген әдістер арнайы жабдықты қолданбай банкноттардың түпнұсқалығын жылдам визуалды тексеру үшін жеткілікті. Бұл әдіс 5 секундтан аспайтын уақыт алады және барлығына банкноттардың түпнұсқалығын айқындауға көмектеседі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол ақша айналымы департаменті ағымдағы жылы Ұлттық валюта – теңгенің 30 жылдық мерейтойын атап өту шеңберінде теңгенің қорғаныш элементтері туралы оқыту анимациялық бейнероликтерін дайындағанын хабарлаймыз.

Бұл бейнероликтер мемлекеттік, ағылшын, орыс тілдерінде ҰБ-тің ресми сайтының «Баспасөз орталығы мен зерттеулер», «Медиа» бөлімінде орналастырылған, сондай-ақ Ұлттық Банктің YouTube арнасында <https://cloud.mail.ru/public/m8bm/B9zY7fzGC> бейнероликтерге сілтемесі мен мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі бейнероликтерге QR кодтары бар.



Құтқарушылар – құрмет төрінде



Қарағандылық құтқарушыларға Отан қорғаушылар күні мен Жеңістің 78 жылдығына орай арнайы ведомстволық наградалар берілді.

Аталған шара «Құтқарушылар аллеясында» өтті. Онда облыстық ТЖ департаментінің ерекше көзге түскен 20 қызметкері марапатталды.

Солардың бірі азаматтық қорғау старшинасы Бейбіт Ниязбеков қызметтік міндетін адал атқарғаны және жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін «Құтқарушы» төсбелгісіне ие болды. Ол №12 өрт сөндіру бөлімінің командирі және бірнеше рет ең қиын өрттер мен құтқару жұмыстарында өзін жақсы жағынан көрсеткен жауынгер.

– Жалпы еңбек өтілім – 14 жыл. Қызметімді Теміртау қаласының №2 ӨСБ-де өрт сөндіруші болып бастағанмын. 2015 жылы Қарағандыға ауыстым. Мамандық таңдауыма атам үлгі болды. Ол да өрт сөндіруші болған. Ағаларым да осы салада жұмыс істейді, – дейді Бейбіт Ниязбеков.


Ал, ТЖ министрінің грамотасы №10 өрт сөндіру бөлімі бөлімше-

сінің командирі азаматтық қорғау аға сержанты Қасымхан Құнанбаева табысталды. Сонымен қатар, №11 өрт сөндіру бөлімінің командирі азаматтық қорғау старшинасы Дмитрий Фролов және ТЖД төтенше жағдайларды жою басқармасының бас маманы азаматтық қорғау капитаны Дамир Әскенов ҚР ТЖМ-нің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Азаматтық қорғау органдарының ардагерлері Айдар Қылдыбаев пен Мұхатай Есенгаев та назардан тыс қалмады. Оларға «Өрт күшіне – 105 жыл» және «Еңбек ардагері» медальдары табысталды. Ардагерлер ұйымының жұмысына белсенді қатысқаны, жас қызметкерлерді тәрбиелегені үшін Ғабит Қалыбеков пен Юрий Проколов грамотамен марапатталды.

Салтанатты жиын концерттік бағдарламаға ұласты.

Өз тілшімізден



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

темір жол мен орталық жылыту пунктінің ғимаратына электр желілерін тартуды аяқтап қалыпты.

Осы салынып жатқан орталық қазандықтың жобалық қуаты – 120 Гкал екен. Жоспарға сәйкес оның құрылысы осы 2023 жылдың желтоқсан айының аяғына дейін толық бітіп, іске қосылған күнде Саран қаласындағы 282 көпқабатты тұрғын үй мен 20 әлеуметтік сала нысандарын, яғни 30 мыңдай адамды қыс мезгілінде тұрақты қамтамасыз еткілі отыр. Сөйтіп, жаңа жылыту орталығының игілігін көретін күн де алыс емес.

САРАН

• ӨЗЕКТИ

Орынсыз алаңға негіз жоқ

Қазақстан мен Қытай екі жаққа да визасыз режим енгізуді жоспарлап отыр. Яғни, шекарадан өту үшін паспорт пен көлік билеті жеткілікті. 30 күнге дейінгі визасыз режим туралы келісімге қол қою мамырда Сиандағы Орталық Азия – Қытай саммиті аясында күтілуде. Бұл – Қазақстанның ежелгі көршімен ынтымақтастық жолында қабылдап отырған алғашқы қадамы емес. Мәселен, 2022 жылы Қытайдан келушілерге 14 күндік визасыз режим енгізілген болатын. Атап айтқанда, «аспан асты елінің» азаматтары елімізде түрлі себептермен екі аптаға және транзитпен ұшатындар 72 сағатқа дейін бола алатын еді. Бірақ, қазақстандықтарда көрші елге бару үшін мұндай мүмкіндік болмаған. Егер, келісімге қол қойылатын болса, бұл алдымен, отандастарымыз үшін де, ел экономикасы үшін де таптырмас мүмкіндік болмақ.

Салтанат ІЛПАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Себебі, Қытай Қазақстанның ғана емес, Орталық Азияның өзге елдерінің негізгі сауда серіктесі екенін білеміз. Мәселен, Сауда және интеграция министрінің мәліметінше, өткен жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда рекордтық көрсеткішке, атап айтқанда 24 млрд. АҚШ долларына жеткен. Ал, визасыз режим экономикалық байланыстарды нығайтуға оң әсер ететінін айтады мамандар. Мәселен, «Қарағанды облысының кәсіпкерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Санаубаев визасыз режимнің әр жағында тек экономикалық және іскерлік мүдде ғана жатқанын айтады.

– Визасыз режим туристік ағымды арттыруға бағытталған. Ол экономикаға жағымды әсер етеді деп болжануда, өйткені туристерден қонақ үйлерге, мейрамханаларға және мәдени ойын-сауық орындарына ақшалай пайда түседі, – дейді ол.

Серік Мәлібекұлының сөзінің жаны бар. Мәселен, statista.com ресурсының мәліметінше, Қытай – туризмге ең көп шығындап отырған ел. Мұны Мәдениет және спорт министрі де растап отыр. 2023 жылдың небары үш айының өзінде Қытайдан келген 8 мыңнан астам турист тіркелген. Ал, бір Қытайдың өзі кемі елімізде 1000 АҚШ долларынан астам қаржы қалдырып кететінін ескерсек, Қазақстанға өткен жылы туристердің өзінен ғана 16 млн. доллардан астам кіріс кірген. Еліміздің туристер үшін, оның ішінде Қы-



тайдан келетін туристер үшін тартымдылығын ескерсек, визасыз режим аталған көрсеткішке айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз.

Бұл ретте, елімізге визасыз режиммен кірген Қытай азаматтарына жұмыс жасауға рұқсат етілмейтіні де айту керек. Яғни, тек туристік, іскерлік сапарлар үшін ғана келе алады. Шетелдік азаматтарға визасыз режим шеңберінде еңбек және өзге де ақы төленетін қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады. Режим бұзылса, көші-қон заңнамасына сәйкес, тиісті түрде жазаланады. Осы орайда «қытайлықтар тарапынан отандастарымыздың жұмыс орындарына қауіп бар» деген жаңсақ ойдан да аулақ болған жөн. Олар жұмысқа да орналаса алмайды. Тіпті, шетелдіктер елімізде кәсіпорын ашқан күннің өзінде, жұмыскерлерінің

өзі толығымен өзге елдің азаматтары ғана емес, қазақстандықтар да болуы керек деген заң бар. Ал, келгендердің барлығы Ішкі істер министрлігі мен уәкілетті органдардың қырағы бақылауында болады. Заң бұзғаны жауапкершілікке тартылып, елден депортациялануы мүмкін.

Облыстық мәслихат депутаты, «Отандастар» қоры фронткеңсесінің бас сарапшысы Меруеш Башай да босқа даурығудың орнына кәсіп жасап, шетелмен байланысты нығайтуға бейімделген дұрыс екенін айтады.

– Елімізде Қытай тауарларына қажеттілік артып келеді. Олар да біздің өнімдерді тұрақты тұтынады. Визасыз режимді енгізудегі басты мақсат – экономикалық байланысты нығайту. Бұл біздегі шағын және орта бизнес өкілдеріне де өнімін экспорттауға мол

мүмкіндік береді, – дейді депутат.

Визасыз режимнің тағы бір артықшылығы – медицинасы дамыған Қытай еліне барып, ем алушылар үшін таптырмас мүмкіндік болмақшы. Одан бөлек, дәл осы жағдай медицина саласында келергісіз тәжірибе алмасуға жол ашақ. Тіпті, Қытай Халық Рес-

публикасында білім алып жатқан сан мыңдаған студенттер барын ескерсек, визасыз режим ғылым, білім саласындағы қатынасты да нығайтады.

Жалпы, Қазақстанның сыртқы саясаты барлық елдермен визалық режимдерді ырықтандыруға бағытталған. Белгілі бір мақсаттар үшін визасыз режимге келісім жасау – бұрыннан бар үрдіс. Мұны 2022 жылғы маусымда Иранмен де, Үндістанмен де визасыз режимнің енгізілуі айғақтайды. Демек, Қытаймен арада болатын келісімнен де елге келетін қауіп жоқ. Барлық қатынастар мемлекет тарапынан реттеліп отыратынын ескеріп, екі ел арасында тек паспортпен ғана жүріп-тұруға болатын мүмкіндік Қытай азаматтарынан бұрын, қазақстандықтар үшін ыңғайлы болатыны сөзсіз.

• БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

Блогер жауапкершілікті сезінуі керек

Әлеуметтік желіде қарақпак жоқ. Содан шығар, кейде блогерден ұят кетеді. Бүгін – әлеуметтік желінің әмірі жүріп тұрған уақыт. Өзін «блогермін» дегендердің де түкірігі жерге түспейтін күн де осы. Рас, бірқатар саяси, әлеуметтік мәселелердің тәуір шешім табуына да зор ықпал етті. Оны мойындау керек. Дегенмен, бес саусақ бірдей емес. Ара-тұра әлеуметтің «ош алу, кек қайтару» алаңына айналатыны да шын. Жеке басқа тіл тигізетіндер де бұл күні жыртылып, жығылады. Ақиқат-жалғандығы беймәлім ақпараттар да ағыл-тегіл төгіліп жатады. Ал мұның бәрі бірдей жақсылыққа апармайды. Кейді тіпті, қауіпсіздікке қатер. Мәжіліс қабырғасында бұл мәселенің көтерілуіне осындай да кілтпиан бар. Мәжіліс депутаты Анас Бакқожаев блогерлерге жауапкершілік күшеюін сұраған депутаттық сауалы қазір қоғамда талқыда.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қазір өзін блогермін деп жүргендердің дені – ақпараттың рас-өтірігін тексермей, оңай жолмен баю мақсатында кез келген адамға жала жабудан тайынбайтын, бопсалап ақша табатын, атакқұмар, елдің берекесін бұзып, қауіпсіздігіне қатер төндіретін сауатсыз адамдар». Бұл – Мәжіліс депутаты Анас Бакқожаевтың Премьер-Министр мен Бас прокурорға жолдаған депутаттық сауалының үзіндісі.

Депутат мырза ел арасындағы жанашыр блогерлердің еңбегін жоққа шығармайды. Оларға бас иетінін де атады. Десек те, оның мәлімдеуінше, проблема – түрлі әлеуметтік жағдайларды өз ыңғайына бұрмалап, оған ұлттаралық рең беріп, елге жалған ақпарат тарататын блогерлерде.

сетуде қабілетсіздік танытады. Сол жағынан келгенде, тәуелсіз құрылымдарға қоғам – зәру. Осы орайда тәуелсіз блогерлер соның ролін атқарып жүр. Қоғамның бақылау тетіктері, институттары өздігінен жұмыс істеп тұрса, ол мемлекет үшін игілік. Мемлекеттің жұмыс істеуіне түрткі. Екінші жағынан алып қарасақ, әрине, блогерлер ішінде де алаяқтықпен жеңіл пайда табуды көздеп, қоғамды өзіне ерткісі келетіндердің де барын айтуға тиіспіз. Оларға жауапкершілік заңда бұрыннан бар. Сол заң нормаларын алаяқтық секілді өзге де қоғамға зиян келтіретін әрекеттері үшін қолдануға болады, – дейді Айдос Бөделұлы.

Мұндағы тағы бір мәселе – әдеп. Этиканың осы күні кейінгі орынға шығып қалғаны да жасырын емес. Адамның ар-ожданын сыйлауда қарапайым әдептілік алдыра қалды. Берісі – киген киімі, әрісі – бет-ажарындағы кемістік,



«Көпке топырақ шашудан аулақпын. Халыққа шын жанашыр блогерлер де біздің елде жоқ емес. Көпбалалы, жалғызбасты аналарға, мүгедек жандарға жәрдем беріп, әлеуметтік желі арқылы халыққа пайдасын тигізіп жүрген жерлестеріме тек бас немін. Оқырманға қызықты әрі пайдалы ақпарат таратып, жеке блогын жүргізіп жүргендерге айтар дауымыз жоқ», – дейді депутат. Жауапкершілікті сезінбейтін жауапсыздары да жетерлік.

«Олар ұлтымыздың бойына жат мәдениет пен теріс идеологияны сіңіріп жатыр. Сондай-ақ, осы блогерлердің сөзіне сеніп, шетелге күндікке түскен қыздарымыз қаншама?! Біз қысқа ғана уақыт ішінде сөзі мен ісіне жауап бере алмайтын блогерлердің отанына айналып кеткендейміз. Бұл – қоғам үшін де, мемлекет үшін де қауіпті құбылыс», – деді депутат.

Бірер күннің ішінде бұқара арасында қызу талқыланған тақырыптың бірі – осы. Адам сан алуан, пікір де сан тарау.

Заңгерлер оны құқықтық санамен байланыстырады. Журналистер әдептен. Саясаттанушылар мұны біржақты қарауға болмайды деген пікірде. Кей саясаттанушының ойынша, олардың қоғамды дамытуда ықпалы да бар. Блогерлерге жауапкершілік күшейтуге қатысты депутаттың сауалында саяси астар болуы да мүмкін дейді саясаттанушы Айдос Бөдел. Сондықтан мұны жан-жақты қарастыру қажет десеңді.

– Біріншіден, бұл саяси элита нұсқаумен көтерілген мәселе болуы да мүмкін. Яғни, блогерлер осы күнге дейін елдегі саяси заң бұзушылықтар бойынша белсенділік танытып келеді. Қазіргі кезде БАҚ, әсіресе, мемлекет қаржыландыратын бұқаралық ақпарат құралдары шынайы шындықты, сынды айтпай, кемшіліктерді көр-

жеке басының проблемасы талайдың тіліне тиек болды. Содан келіп, кибербуллинг белең алды.

Осы орайда республикаға танымал медиасарапшы Есенгүл Кәпқызының ойынша, медиаэтика тек журналистерге ғана қатысты емес. Қолына қалам алғанның бәрі осы этиканы ұстануы тиіс.

– Ел медиаэтиканы тек журналистерге қатысты деп түсінеді. Қолына қалам алып, қазіргінің қаламы – әлеуметтік желі, сол арқылы ақпарат таратып отырған адамдар. Соның барлығы медиаэтиканы басшылыққа алуы керек. Соның бірі – жауапты болу. Қылмыстық кодекстің 274-бабы бойынша егер сіз жалған ақпарат тарататын болсаңыз, қылмыстық жауапқа тартыласыз. Бірақ бұл кімдерге қолданылып жатыр? Неге осы инфлюэнсерлерге қолданылмайды? – дейді медиасарапшы Есенгүл Кәпқызы.

Әлбетте, бұл арада барлық айып блогерде деуге келмейді. Оның айтқанының бәрін құрандай көрген кінә қоғамда да бар. Қоғамның құқықтық сауаттылығында – мәселе. Шындығын айту қажет, қазір біздің құқықтық сауаттылық айтарлықтай емес. Қарапайым заң нормасын қараша халық түгілі, жоғары білімі бар дегендердің өзі ежіктеп түсіне алмайтын кептеміз. Құқықтық санамыз жетілмеді. Соны пайдаланған «аңқау елге арамза молда» көп. Алаяқтыққа бастаған блогерде де тап солай. Әйтпесе, әлеуметіміз кім не айтпай, не жазбай жатыр? Соның бәрін бас шұлғып, шындық деп қабылдаудың өзі – санамыздың қандай деңгейде екенінің бір айғағы. Құқықтық қоғам құру үшін – құқықтық сана керек. Өкінішке орай, одан әзірге мақұрымбыз.

Не десек те, интернет кеңістіктегі пікірлер ақпарат таратушылардың жауапкершілігі бәрине бірдей тең болуы тиіс дегенге саяды.

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Медициналық білім: өзгерістер лебі

Өткен аптада Қарағанды медицина университетінде VI Орталық-Азия халықаралық ғылым-практикалық конференциясы өтті. Кезекті басқосу «Болашақтың білімі: өзгерістер лебі» деп аталып, жаңа замандағы медициналық білім беру мәселелерін қаузады. Шараға Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Грузия, Германия, Франция, Үндістан, АҚШ елдерінің университеттері мен колледждерінің өкілдері, білім беру ұйымдарының басшылары, ғалымдар, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылардың айтуынша, конференцияның мақсаты – халықаралық ынтымақтастықты, стратегиялық серіктестікті дамыту және өзара медициналық білім беру тәжірибесін бөлісу. Ауқымды шара бірнеше бағытта офлайн және онлайн форматта өтті. Атап айтқанда, оқыту ісіндегі мемлекеттер арасындағы стратегиялық серіктестік, білім мен цифрлық медицинаның цифрлық трансформациясы, университеттік автономия және академиялық еркіндік мәселелері қаузалды. Сонымен бірге, медицина, фармацевтика, стоматология және мейрбике ісі бойынша білім беру перспективалары мен білім берудегі симуляциялар талқыланды.

Шараға қатысқан Денсаулық сақтау министрлігінің ғылым және адами ресурстар департаменті медициналық білім беру басқармасының басшысы Әсет Ізденовтің айтуынша, республика көлемінде – 78 227 дәрігер, 188 800 орта медициналық қызметкер бар. Жыл басындағы дерек бойынша әлі 7 000 дәрігер және осының орта медициналық қызметкерге тапшылық орнаған.

– Бүгінгі таңда елдегі денсаулық сақтау саласындағы білім бағдарламасы медициналық қызмет, қоғамдық денсаулық сақтау қызметі және фармакологиялық қызмет саласынан тұрады. Студенттер 4-5 жыл оқып бакалавр, 1-2 жылда интернатура, 2-4 жыл



резидентурада оқиды. Кейін 3 жыл докторантурада оқып, PhD доктор бола алады. Биылғы оқу жылынан бастап бакалавриат, магистратура мен интернатураны қосып, алты жыл үздіксіз интеграцияланған білім беру әдісі енгізіледі деген жоспар бар, – деді Әсет Қайратұлы.

Ол дәрігерлерді қолдау шаралары мен орташа еңбекақының өсуі туралы да айтып өтті.

Алғашқы «Медициналық білім беруді трансформациялау: Қарағанды медициналық университетінің тәжірибесі» тақырыбын-

да университеттің стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры Виктор Риклефс баяндама жасады. Ол университеттің білім беру бағдарламалары, оқытудың кредиттік технологиясы, оқытушылардың үздіксіз дамуы, студенттерді қолдау мәселелеріне кеңінен тоқталды.

– Біздің университет өзінің стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде цифрлық инфрақұрылымды дамытуды басты орынға қойды. Қазіргі уақытта университетте барлық дерлік үдерістер

цифрландырылды, құрылған цифрлық инфрақұрылым заманауи технологияларды одан әрі енгізуге дайын, – деп атап өтті Виктор Петрович.

Конференцияда айтылғандай, бүгінде медицинадағы симуляциялық оқыту – болашақ дәрігерлерді белгілі бір дағдыларға үйретуге ғана емес, сонымен бірге, науқаспен бетпе-бет келгенде де, диагностикалық немесе емдік манипуляциялар кезінде де оған көмек беретін прогрессивті әдіс-

тердің бірі. Бұл тақырып екі күн жеке секцияларда талқыланды. Әдіс науқастың тікелей қатысуынсыз оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Басқосу бағдарламасы аясында «Резидентурада мамандарды даярлаудың мәселелері мен болашағы» атты дөңгелек үстел, жас ғалымдарға арналған постер сессиясы, клиникалық сценарийлерді әзірлеуге арналған SimLab онлайн байқауы, халықаралық студенттік олимпиада, фармацевтика бойынша студенттер конференциясы ұйымдастырылды.



• 7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

Әскери өмірден бір үзік сыр

Ел шетіне жау келсе естімен су кешіп, атына ауыздықпен су ішкізер ер қарасы көп шығар. «Мен» деп көкірек керген көп жігіттер бары бар-ақ. Десек те, басымызға бұлыңғыр бұлт үйірілсе, шеп алдында тұратын ол әскер қатарындағы жас сарбаздар. Расында, сарбаз десе санаға жау жүрек, сөзге келместен сыққанының сөлін алар, қару асынған суық келбет келеді.

Жоқ. Бұл ойша жасап алған образ көрінеді. Сап түзеген сарбаз да бір әке-шешенің көз қарашығы. Әскерге жіберген баласын балабақшадағыдай бақылайды олар. Неге? Өйткені бауыр еті баласының басы жарылып, мұрны қанағаны қай ата-анаға болмасын ауыр тиері анық. Оның үстіне арақидік орын алған сарбаздар өлімі секілді оқыс оқиғалардан күдікшіл болған ана көңіл алаңдамай қоймайды-ау.

дай аура бар. Мысалы, бір жататын орында 50-60 сарбаз болса, оның әрқайсы бір-біріне қамқор. Ала таңнан бұйрықпен ояна сала, олар төсектерін жинап таңғы сапқа тұрады. Күндіз бірде-бір сарбаздың жатын бөлмесіне келуіне қақысы жоқ. Таңғы 06.00-де тұрған жауынгердің жамбасы, тек, кешкі сағат 22.00-де төсекке тиеді. Тәртіп солай.

Бұл тасжүректік емес, керісінше мінез бен ерліктің бастауы. Ал, оларға жанашырлық таныту деп жейтін тамағы мен тәртібін пы-

қоян қолтық ұрыс базасы, бұлшық ет өсіретін темірдің (штанга, гантель) тұр-түрі толып тұр. Мәдени-демалыс бөлмесі де қарастырылған. Мұнда жауынгерлер фильм көріп, түрлі мәдени іс-шараларға қатысады. Ал, тәрбие бөлмесінде сол мәдени іс-шараларға жауапты сарбаздардың шығармашылық ізденісіне толық жағдай жасалған.

– Отан алдындағы қасиетті борышымды 52859 әскери бөлімінде өтеп жатқанымды мақтан тұтамын. Мұнда сарбазға керек бар

бөлмесіне барады.

Онда офицерлер мен сарбаздардың психологиялық жай-күйін бақылап, қажет кезде тиісті мамандар көмегі көрсетіледі.

– Әскерге кетіп өкінішті жағдайға душар болған жас сарбаздар қатары сейілмей тұрғаны жасырын емес. Десек те бұл жерде тек сол әскери мекеме мен ондағы сардарларды табанға салып таптай кінәлау артық дер едім. Бұл жалпықоғамдық мәселе. Сарбаздардың көбі әскерге несие аркалап келеді. Ол қарызды жаба алмай қиялдағын өз-өзіне қол жұмсағаны қаншама. Отбасылық жағдайлары әсер етуі мүмкін. Сондықтан, Мемлекет басшысы тарапынан қаулы жарияланып, ол заңдастырылды. Әскер қатарына алынған әр азаматтың несиесі тоқтатылып, әскерден соң жоғары оқу орындарына тегін түсуі жолға қойылды. Біз әскери сардарлар мен тәрбиеші мамандар қазіргі кезде сарбаздар ата-анасымен барынша жиі хабарласып отырамыз. Тіпті, «WhatsApp» желісі арқылы арнайы топ құрып, онда әр ата-ана балалары жайлы біліп отыратындай еттік, – дейді Мақсат Өміржанұлы.

Расында, лейтенант сөзі қарағандылық әскери орындарда тәртіп бар екеніне сендірді. Одан бөлек күн сайын офицерлер кешке жатар алдында сарбаздардың денесін тексереді екен. Дене көгергені, денеге сызғат түсуі немесе сарбаздар арасында кикілжің болмайды деп сендірді. Ал, осының барлығын аптасына бір рет келсе де, тәртіпті басты негізде ұстаған әскери полиция қадағалайды.

Жалпықарағандылық әскери ахуалдың алғышартынан хабарсыз болсақ та, құтқару қызметі сарбаздарының бір күндік өмірін өзек еттік. Өйткені, қарағандылық құтқарушылар қызметін тіпті, Түркия жұрты да мойындады емес пе?! Мереке қарсаңында бейбіт күннің қарусыз майданында жанынан кешіп елге қызмет етер болашақ ерлердің еңбегі еленгені абзал.

Құрметті қарағандылықтар!

Сіздерді келе жатқан Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймыз! Бұл күн біздің еліміз үшін маңызды, өйткені 31 жыл бұрын Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері құрылған болатын. Бүгінгі Қарулы Күштер ежелгі дәуірден бастау алған Ұлы дала батырларының даңқты тарихының жалғасы.

Еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру біздің шекарамыздың мызғымастығын және аспанымыздың ашық болуын қамтамасыз етеді. Біз еліміздің бейбітшілігі мен қауіпсіздігі үшін өз өмірін қиған аталарымыздың ерлігін жадымызда сақтауымыз керек.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің күні бұл біздің Отанымызды қорғаушылардың мерекесі ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеудің бір жолы. Біз Отан қорғаушыларымызға деген құрметімізді ұрпақтар сабақтастығы арқылы жастарымыздың бойына сіңіре отырып, олардың өз елінің тарихы мен әскери салттарын білуіне ықпал етуіміз керек.

Құрметті Отан қорғаушылар!

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, барлықтарыңызға зор денсаулық, қызметтеріңізге табыс тілейміз. Еліміздің аспаны әрқашан ашық болсын! Отан қорғаушылар күні құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әркімге әскери өмір қызық. Сарбаздардың күнделікті тірлігі, тамағы мен тәртібі, қала берді жауынгерлік еггілігі мен әскери ортадағы абыройы.

Иә, абыройы дегеніміз өз ортасындағы беделі. Әскери борышын өтеп келген екінші бірінші айтатыны «еден жумағам, жекпе-жекте жұдырығым бірінші тиетін, командирдей өмір сүрдім, таяқ жемедім» деген мақтан сөз.

Алайда, оның рас-өтірігін тек сол әскери мекеменің басшылары мен сарбаздары ғана біледі. Осыған орай біз ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің 52859 әскери бөлімінің тұрмыс-тіршілігіне ат басын бұрған едік. Бүгінгі таңда жалпы әскери бөлімде 200 сарбаз Отан алдындағы міндетін өтеуде. Бөлім сарбаздары екі шақырылыммен Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Павлодар облысынан жиналған. Атап айтсақ, 2022 жылдың мамыр-қараша айында келген сарбаздар.

Қазіргі таңда әскери мекеме қабырғасында жүрген сарбаздардың ахуалы жақсы. Капитан Гинат Жағдидің айтқанына, сарбаздар күніне үш мезгіл тамақтанады.



Мұндағы тамақ та өте құнарлы көрінеді. Тіпті, ас мәзірінде жылқы еті де бар. Әр сарбаздың ас-суына күніне 1813 теңге жұмсалады. Ал, сарбаздар арнайы тапсырмаға шығатын күні тамақ құрамы күшейтіліп, құны 1950 теңгеге дейін жетеді. Капитан мәлімдегендей, бөлімде азық-түлікпен мәселе жоқ.

– Біз үшін әр сарбаздың орны бөлек. Отбасында әке-шешелері қандай қамқор болса, мұнда да сон-

сықтауды айтар едім. Қазақстанның әр сарбазына жайлы төсек пен құнарлы тамақ міндетті болуы шарт. Өйткені, сарбаз – ел қорғаны. Біз бұл ұстанымды қатаң ұстанамыз, – дейді Әскери бөлімнің клуб бастығы-лейтенант Мақсат Балжанов.

Сондай-ақ, сарбаздардың жаттығу залы да соңғы үлгідегі жабдықтармен жасақталыпты. Қажетті құрылғының бәрі бар. Күрес пен

жағдай жасалған. Сардарлар мен шені жоғары офицерлер тарапынан қысым жоқ. Бұл әр сарбаз үшін ең басты назарда шығар. Әскер қатарына осы Қарағандыға шақырылғаным өз басым қуанамын, – деді қатардағы сарбаз Нәбиәлі Тұрсынәліұлы.

Бұл аз десеніз, сарбаздардың бос уақытының өзі зая кетпек емес. Қолы қалт еткенде олар арнайы ашылған психологиялық қызмет

• ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Бабалар ерлігі – ұрпаққа ұлағат

Абай ауданында 56 мыңдай адам тұрса, соның 14500-і 14-35 жас аралығындағы жастар. Байқап қарасаңыз, бұл – үлкен күш. Арасында жасөспірім, бозбаласы, ересегі бар олар – еліміздің ертеңгі болашағы, Жаңа Қазақстанның құрушылар, керек болса, сын сағатта Отанын қорғаушылар.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы аталған санаттағы жандардың бойында отансүйгіштік сезім мен патриоттық рухты тәрбиелеп, қалыптастырумен үйде ата-анасы, түзде балабақша, мектеп, оқу және жұмыс орындары айналысса, одан жастар ұжымдарының өзі де қалыс қалмайды.

– Біздің ауданда жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысы жолға қойылған, – дейді Абай ауданының жастар ресурстық орталығы

шілермен жоспар бойынша өтіп тұратын әскери сағаттарға да қатысып, сап түзеу, қару-жаракты меңгеруге, әскери ұрыс қимылдарына машыктанып, үйренеді.

Аудандағы «Жас патриот мектебі», «Жас сарбаз», «Қайсар» жастар рухы қозғалыстары, мектептердегі «Ұлан» топтары бұл бағытта спорттық шаралар да ұйымдастырып, балғын жастар күш сынасады. Әскери-патриоттық тақырыптағы пікірталас ойындарына да қатысады.

Туған жерге, Отанға сүйіспен-



директорының міндетін атқарушы Әлия Әшімова. – Бұл тұрғыда аудандық оқу, дене шынықтыру және спорт бөлімдерімен, жұмыспен қамту орталығымен, әскери комиссариатпен, басқа да мекеме, ұйымдармен бірлесіп түрде көптеген шаруалар атқарылады.

Айтқандай-ақ, жылдағы көктемгі, күзгі әскерге шақыру науқандары аудан бойынша мереке болып өтеді. Онда Отан алдындағы борышын өтеу-ге аттанып бара жатқандардың салтанатты түрде шығарып салып, ардагер карттар ақ батасын беріп қалады.

Қазір санаулы қалған Ұлы Отан соғысының және тылдың, аугандық және чернобыльдік ардагерлерімен кездесіп, олар туралы фото, бейнероликтер конкурстарын өткізу дәстүрге айналған.

Сондай-ақ, болашақ жауынгерлер аудан аумағында орналасқан екі әскери бөлімге барып, солдаттардың өмірімен танысып, әскери қызмет-

шілікті білдірудің жолы сан алуан. Мәселен, былтыр Абай жеткіншектері Абай қаласындағы Мәдениет үйінің алдында еліміздің Әнұранын жаспай орындаса, енді былғы 7 мамырда сол жерде «Атамекен» әнін қосыла шырамақшы.

Ел-жер тарихын, халқымыздың азаттығы үшін арпалысып өткен бабалар есімі мен ерлігін білу де бүгінгі жас буын өкілдері үшін үлгі-өнеге. Ауданның Құлайғыр ауылындағы Кеңесары ханның үздігі болған Таймас батырдың кесенесі мен қазак-қалмақ соғысының қаһарманы Шерубай батырдың, Топар кентіндегі төбе басына қойылған ескерткіш тасы да – киелі, кастерлі орындар. Әлия Жұмашеваның айтуынша, аудан жастары сол қасиетті жерлерге ұдайы барып, тағзым етіп, айналасын жинастырып, күтімге алған екен. Ендеше, бабалар ерлігі ұрпағына ұлағат бола берері сөзсіз.

Абай ауданы

Жауынгерлік жаттығу – тәжірибе алаңы

«Қазір көп нәрсе өзгерді. Яғни, ішкі қауіпсіздікті сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту, Қазақстанның және бүкіл Орталық Азия аймағының халықаралық деңгейдегі беделін арттыру мәселелері басты назарда болуы керек».

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқасев.

Алматыдағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты Қазақстан бойынша тұңғыш рет Қарағанды облысының «Сарышаған» мемлекеттік полигонында курсанттар арасында жауынгерлік білімін арттыру оқу-жаттығу жынын ұйымдастырды. Институттың төртінші және бесінші курс курсанттары Әуе қорғаныс күштерін зениттік зымырандық, радиотехникалық, радиотехникалық ұшуларды қамтамасыз ету, байланыс, радиоэлектрондық барлау және радиоэлектрондық күрес, ақпаратты қорғау оқу бөлімшелерінің жауынгерлік есептері, ұшақтар мен тікұшақтардың экипажының әуе күштері шартты жаудың әуе шабуылы құралдарының соққыларын тойтару сынды сынақтан өтті. Сонымен қатар, әскерлер мен стратегиялық маңызды бар нысандардың құрылқы топтарын жою бойынша дайындығын пысықтады.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-жаттығу барысында байқағанымыз жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен қаруланған курсанттар әуе тыныштығын күзетіп тұрды. Қазақстанның әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштері қазіргі заманғы ұшақтар мен тікұшақтардың үлгілерімен, зениттік-зымырандық кешендерімен және радиолокациялық станциялармен қаруланған, соңғы байланыс технологиясымен және автоматтандырылған басқару жүйелерімен жабдықталған деуге толық негіз бар. Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының «Радиобайланыс және радионавигация», «Радиотехника, көпсалалы және бір салалы зениттік-зымырандық әскерлер», «Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері», «Радиоэлектрондық күрес және радиоэлектрондық барлауды ұйымдастыру», «Автоматты басқару жүйесі», «Байланысты ұйымдастыру мен радионавигация», «Ақпараттық технологияның қауіпсіздігін ұйымдастыру» мамандықтары бойынша білім алып жатқан болашақ мамандар теория мен тәжірибені ұштастырды.

Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының бастығы полковник Қайрат Сапарбекұлының басшылығымен жүзеге асырылған тактикалық оқу-жаттығуын өткізу курсанттар-

дың аға буыннан тәжірибе алмасуына мүмкіндік беріп, теориялық білімін нығайтуға, сондай-ақ, қызметтік міндеттерін сапалы орындау үшін тиімді ақпарат алуға ықпал етті. Бұл туралы Байланыс кафедрасы бастығының орынбасары, подполков-

тондық күрес, ақпаратты қорғау сияқты негізгі сынақтардан сүрінбей өтті. Сондай-ақ, жаудың ұшақтары мен тікұшақтарының, экипаждарының орналасу орын анықтады. Подполковник Данияр Сағындықов, Арман Чоқоев, Талғат Мендіқұлов, Константин Тишкин, подполковниктер Дәурен Жанболатов, Ербол Хасенов, Рауан Қызылбаевтардың еңбегін атап өткеніміз дұрыс. Бұл оқу-жаттығу жиынында оқу орталығының байланыс торабының бастығы, подполковник Айдос Мұқышевтың да еңбегі зор. Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының 17-кафедрасының ұстаздары шәкірттеріне тәлімін көрсетті, – дейді подполковник Қайрат Нұрғалиев.

Білім ордасының бесінші курс курсанттары Әлішер Ұлықпан мен Әлімхан Жәнібеков оқу-жат-



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

қанатты зымырандардың соққысын тойтару үшін С-300ПС, С-125М-к зениттік зымыран кешендері қолданылғанын жеткізді.

– Осындай жаттығулардың арқасында, сарбаз болуға психологиялық тұрғыдан дайын екенімді көрсеттім. Расымен де, жаттығуда баталдығын мен шеберлігін айқындала түседі. Сондай-ақ, қару-жаракты қолдану тәсілдерін де толық меңгеруге зор мүмкіндік берді. Біз жиын барысында өзара іс-қимылды ұйымдастыру, жеке құрамды даярлау, әскери техника мен қару-жарак мәселесін пысықтауға жіті көңіл бөлдік. Жауынгерлік өкімді алған сәттен бастап курсанттар командирлері іс-қимыл алгоритмін дұрыс түсініп, әр бағыныстың ролін біліп, жылдар бойы оқығанымызды жиын уақытында шындықтық, – дейді курсант Даниэль Дүйсеков.



ник Қайрат Нұрғалиев мәлімдеді.

– Біздің курсанттар Әуе қорғаныс күштерінің жедел-тактикалық қолбасшылығы құрамында авиацияның ұшуын зениттік зымырандық, радиотехникалық, радиотехникалық қамтамасыз ету, байланыс, радиоэлектрондық барлау және радиоэлек-

тығу кезінде әуе жауының алғашқы соққыларын тойтару және алыс қашықтыққа жорық жасау сияқты тапсырманы орындау дағдыларын шынайы түскенін айтады. Ал, төртінші курс курсанты Даниэль Дүйсеков оқу-жаттығудың жоспарына сәйкес, аса маңызды нысандарды қорғау,

Айта кетейік, оқу-жаттығуға барлығы мыңға жуық адам қатысты. 200 қару-жарак пен әскери техника жұмылдырылды. Мұндай жиындар келешекте де жалғасады.

Суретті түсірген
Думан ҚҰРМАНҒАЛИЕВ

Қошқарбаев іргесін қаласқан



Ұлы Жеңіске

78 ЖЫЛ

Өмірбаяны отпен жазылған, Берлиндегі Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен қазақтық ержүрек азаматы, «Халық Қаһарманы» Рақымжан Қошқарбаев Ақтоғай ауданына қарасты 70 жылдық тарихы бар Сарышаған кентінің іргетасын қалағандығы туралы біреу білсе, біреу білмейді. Соғыстан кейінгі жылдары Сарышағанға келген батыр жұбайы Гүлжиһанмен бірге алғашқы құрылысына қатысқан көрінеді. Бұл жөнінде осы кенттің 82 жастағы тұрғыны Амангелді Дәкеновтің өз аузынан естідік.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұма күні таң шапағын шашқан бойда Сарышаған кентіне белгілі журналист Қуандық Сәденов ағамызбен серіктесіп, сапарға шықтық. 140 шақырым қашықтықта орналасқан елді мекенге сапарлатуымыздың себебі – батыр Рақымжанды өз көзімен көрген көнекөз қарияның әңгімесін көңілге түйіп қайту. Көл жағасына жақын тұрған тоқал үйдің қасындағы шатырлы үй біз іздеп шыққан Амангелді Дәкеновтің үйі екенін тұрғындардан сұрап білдік. Есігін қағып, үйге енгенімізде келіні қарсы алды. Амаңдық-саулық біліскен соң, таңғы астың үстіне келген бізді дастархан басына шақырып, әңгімесін өрбітті.

– Бұл Сарышаған – батыр Рақымжанның қолтаңбасы қалған аумақ. Мәңгіжүриятта соғыста болған менің Рақымжан Дәкенов есімді ағам екеуі 1949 жылы Сарышағанға келіп, құрылыс жұмысын бастаған. Ол кезде мен 9 жастамын. Алғашында бұл жерде Бекет болған. 50-жылдардың екінші жартысы Қазақстан үшін, соның ішінде біздің облыс үшін де жаңа құрылыстар мен қоныстардың дәуірі болды. Партия тапсырмасына сәйкес, Рақымжан Қошқарбаев пен Рақымжан Дәкенов іске кірісті. Жұмысшыларды жұмылдырып, құрылысты кең көлемде жүргізіп, тұрған үй, қойма, мектеп, асхана, мәдениет үйін, жатақхана, наубайхана және монша салды. Осынау құрылыстың басында қос Рақымжан жүргенін көзім көрді. Менің ағамның әйелінің аты Үкітай, ал Рақымжан Қошқарбаевтың әйелінің аты Гүлжиһан еді. Біздің үйге келіп тұратын. Әлі есімде, «Халық Қаһарманы» қолыма қалып дәптер мен қалам ұстатып мектепке жіберген. Содан кейін не жазып жүргенімді тексеріп отыратын. Батырдың тағдыры сынаққа толы екен. Гүлжиһан босануға барып, аурухана төсегінде көз жұмды. Баланы аман алып қалғанымен, нәресте 6 айлығында шетінеп кетті. Гүлжиһанды Приозерск қаласына

шыға берісте жолдың сол жақ қанындағы Исабектің Ақтайының шабындығындағы жалғыз төбенің басына апарып, арулап қойды. Алты айдан кейін шегінеген ұл баласын анасының қасына апарып жерледі, – деді Амангелді ақсақал дастархан басындағы мәслихатта.

Уақытты созбай біз де бірден Рақымжан атаның қолы тиген құрылыс аумақтарын ақсақалдың нұсқауы бойынша араладық. Ең бірінші батыр өз қолымен салған қоймаға бардық. Көлдін толқыны тастан соғылған қойманың қабырғасын еміп жатыр. Көнекөздің айтуынша, бұл қойма салынғанда Көкше теңіз алыс болған. Кейінгі жылдары бұл аумаққа су жайылып, тас қойма судың ортасында қалып қойыпты.



Рақымжан салған қойманың алдында Амангелді Тәкенов

Одан кейін, Балқаш көшесіндегі Рақымжан Қошқарбаев тұрған үй мен салған үйлерін және үйіндісі ғана қалған монша, наубайхана орындарын көзбен көріп, қолымызбен ұстадық.

– Алғашқы кезде бұл жерде 1953 жылға дейін паровоз жүрген. Жалпы бұрын Түркістан-Семей темір жолы деп аталған. Өзім жас күнімен теміржолда қызмет жасап, теміржолдан зейнеткерлікке шықтым. Теміржол салынған соң құрылыс жұмысы қарқынды жүрді. Оған дейін құрылыс материалдары осы жерде құйылып, түйемен жеткізілді, – дейді Сарышағанның та-



рихын тарқатып берген қария.

Одан кейін Амангелді аға біздің сұрауымыз бойынша Рақымжан атаның асыл жары Гүлжиһан Сәрсенбайқызы жерленген жерге бастап барды. Марқұмның жерленген жері алыс емес екен. Кенттен көп ұзаған жоқпыз. Өзі айтқан Ақтайдың шабындығындағы жалғыз төбеге бардық. Басына зират тұрғызылмағандықтан, бүгінгі күні қабірінің орнын табу қиын, жермен жексен



болып кеткен. Бұл жерге 1965 жылы, Жеңістің 20 жылдығында Гүлжиһанның бір бауыры келіп, белгітас қойған екен. Бірақ, шөгіп кеткен қорым басында белгі кездестірмедік. Гүлжиһан Сәрсенбайқызы бес ағайынды болғанын 2014 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған қаламгер Жанболат Аупбаевтың «Ту тіккен» атты мақаласынан оқыған болатынбыз.

Мақалада Рақымжан Қошқарбаев былайша баяндайды: «Жан бағу үшін жұмысқа тұрдым. Педучилищеде оқытпн Гүлжиһан аты бойжеткенмен таныстым. Бір-бірімізді ұнатқан соң, үй болып, отау құрға

сөз байластық. Ата-анасы қарапайым адамдар екен. Ақмоладан онша қашық емес, Бүксін өзенінің жағасындағы «Жаңа тұрмыс» колхозында тұратын болып шықты. Гүлжиһан бес ағайынды еді. Олар: өзі және Үмітжан, содан соң Жантас, Сабыр, Қадыр. Өкесі Сәрсенбай Қасенов сол кездегі замандастары секілді алдымен колхозда жұмыс істеген шаруа адамы, содан соң соғысқа барған майдангер-ті. Отағасының алдынан өтіп, батасын алған соң ол кісімен жақынырақ танысып, талай әңгімеге қанықтым. Гүлжиһан екеуім үйленіп, отбасын құраған соң, сол кездегі аты жиі естіліп, жастарды жұмысқа шақырып жатқан «Мойныты-Шу» теміржол құрылысына аттандық. Сарышаған станциясындамыз. Үй берді. Кәсіп бар. Өмір жақсы. Бірақ ауа райы қатал. Күн ысысы. Жер сортаң. Су ашы. Мұның бәріне көндігіп кетер ме едік, қайтер едік, егер бір бақытсыз оқиға болмағанда...

Зайыбымының аяғы ауыр. Өнеміне босанады деп сәби күтіп жүргенбіз. Көршілерімді де жаны қалмай, Гүлжиһан мектептен кітап, дәптер бумаларын әкеле жатса, оларды көтертпей, алдынан шығып өздері үйге әкеп тастайтын. Сөйтіп жүргенде бір күні толғақ қысып, ауруханаға түсті. Содан ол сол жерден қайтып тірі шықпады. Өз аяғымен барып, өлі күйінде үйге оралды. Шешесін жұтқан шақалақ ұл бала еді. Алты айдан кейін ол да шетінеп кетті. Сонымен басқа ұрған танадай мең-зең болып, не істерімді білмей қалдым. Көрші-көлем, жора-жолдастарымын қолдарынан басу айтқаннан басқа не келеді. Жылы сөздерімен жәрдемдерін аямайды-ақ. Бірақ, менің еңсем көтерілер емес. Өстіп жүргенде еңбек демалысымын да уақыты келді. «Алматыға барайын», – деп ойладым іштей. Осы шешіммен Алатау баурайына қарай тарттым. Содан Сарышағанға қайта оралғаным жоқ» деп, батыр ішке түскен қайғысын шығарған екен.

Расымен де, Амангелді ағаның сөзіне сүйенсек, 1953 жылдан кейін Рақымжан Қошқарбаев өзі іргетасын қалаған кентке қайтып келгені.

Ал, сүйген жары Сарышағанның жанындағы жалғыз төбеге мәңгілік тыныстап жатыр. Марқұмдар жатқан жерді мал аяғының астына бастырмай қоршалып тұрса, жұп түсіп барған сайын аттап кетпей, адамдар Құран бағыштап қайтар еді...

БАЛҚАШ-САРЫШАҒАН-БАЛҚАШ

Қаламын қаруға айырбастағандар

Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосқан майдангерлер қатарында қолына қалам ұстаған азаматтар да баршылық. Қарқаралы ауданының баспасөз тарихында зор еңбек сіңірген, қаламы жүйрік журналистер Ұлы Отан соғысы жылдарында қалам орнына қару алды. Айташ Омаров, Шаймаран Мезгілбаев, Ғалым Абдуллин, Шәймерден Сатыбалдин секілді қаламгерлердің есімі мен ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Айташ Омаров



Шаймаран Мезгілбаев



Шәймерден Сатыбалдин



Ғалым Абдуллин

Адамзат тарихында үлкенді-кіші он бес мыңға жуық соғыс болған. Соның ішінде сұрапылдығы мен бүліншілігі һәм құрбандары жағынан ең үлкені – Екінші дүниежүзілік соғыс болса, совет халқының 1941-1945 жылдар аралығында неміс фашистеріне қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысы мұның ажырамас бөлігі болды. Уақыт соғыс жылдары бізден алыстата түскенімен, ол туралы айтылар сөз әлі біткен жоқ.

Арын жалау, жанын алау етіп жауға аттанған қаламгерлер өскен өңірін, жерлестерінің өмірін, балдырған балалар толы бақшасын, ақ сүтін емізген анасын, парасатты данасын қорғады.

Қарымды қаламгер Айташ Омаров 1942 жылы майдан даласына аттанады. Шығыс майданның 516-шы атқыштар полкінің құрамында болады. Орыс және қазақ тілдерін жетік меңгерген ағамыз жалынды сөздерімен жауынгерлерді шайқасқа дайындап, патриоттық сезімдерін оята білді. Оның бұл жұмысын полктің саяси жетекшісі Ермоленко көтеріп бағалаған. Воронеж маңындағы стратегиялық көпірді азат етуде ауыр жараланып, Свердловск госпиталінде ота жасатады. 1944 жылы елге оралып, аудандық газетте журналистік қызмет жолын жалғастырады. Облыстық газеттің меншікті тілшісі болады.

Арка баспасөзінің дамуына сүбелі үлес қосқан Шаймаран Мезгілбаев алғаш еңбек жолын аудандық «Еңбек майданы» (қазіргі «Қарқаралы») газетінде бастайды. Ұлы Отан соғысында пулеметшілер взводының командирі болады. Прага, Вена қалаларын азат ету жорықтарына қатысады. Соғыстан кейін аудандық газетте жұмысын жалғастырып, редактордың орынбасары лауазымына дейін көтеріледі. Өрі ұзақ жылдар «Индустриальная Караганда» газетінде меншікті тілші болады.

Қарапайымдылық пен ізеттіліктің, еліне міндет артпай, қызмет етудің өнегесін, өмір жолын мұғалімдіктен бастаған Шәймерден Сатыбалдиннен алуға болады десем, артық айтқандық емес. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін сегті. Солардың алаңсыз тірлігі үшін от пен оққа кеудесін тосты. Бесінші Екпінді майданның құрамында неміс басқыншыларына қарсы шайқасты. Соғыстан кейін жоғары партия мектебін бітіріп, партия қызметтерін атқарады. Алғашында «Еңбек майданы», кейіннен «Коммунизм» атанған аудандық газетте редактор болады.

Батыр бабаның ізін жалғап,

мықтылық танытып, жеңіс туы желбірегені ешкімнің ешқашан да ойынан өшпек емес. Жеңіс тек қолына қару ұстағандардың ықпалымен емес, тылда талмай еңбек еткендердің үлесімен де өлшенеді. Үйіне қара қағаз келіп, қайғыдан қан жұтқан отбасылар аз болмады. Жетім мен жесір көбейіп, елі іші қара жамылды. Қабырғасы қайысқан қазақ оған да мойымады, шыдам мен төзімге ерік беріп, нығын тіктеді.

Ұлы Отан соғысы басталысымен әскер қатарына алынған Ғалым Абдуллин Қиыр Шығысқа жіберіледі. Приморск өлкесіндегі әскери округіне қарасты 13 артиллерия полкіне тап болады. Мұнда қатардағы жауынгер ретінде екі жылдай болып, түрлі тапсырмалар орындайды. 1943 жылдың басында Қиыр Шығыс майданының Хабаров өлкесіне ауысады. Сол жердегі бес тілде шығатын орыс-татар тілінде «Тревога», қазақша «Дабыл», өзбекше «Бонг», эрбайжанша «Аяжай» деп аталатын басылымға газет шығарушы болып жұмысқа орналасады.

Қару мен қаламды қатар ұстаған қаламгер бір естелігінде журналистік қызметін былайша еске алады. «Қарқаралыдағы жеті жылдық мектепті бітірген уақытым. Қазақ жалғастырады. Облыстық газеттің меншікті тілшісі болады. Арқа баспасөзінің дамуына сүбелі үлес қосқан Шаймаран Мезгілбаев алғаш еңбек жолын аудандық «Еңбек майданы» (қазіргі «Қарқаралы») газетінде бастайды. Ұлы Отан соғысында пулеметшілер взводының командирі болады. Прага, Вена қалаларын азат ету жорықтарына қатысады. Соғыстан кейін аудандық газетте жұмысын жалғастырып, редактордың орынбасары лауазымына дейін көтеріледі. Өрі ұзақ жылдар «Индустриальная Караганда» газетінде меншікті тілші болады. Қарапайымдылық пен ізеттіліктің, еліне міндет артпай, қызмет етудің өнегесін, өмір жолын мұғалімдіктен бастаған Шәймерден Сатыбалдиннен алуға болады десем, артық айтқандық емес. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін сегті. Солардың алаңсыз тірлігі үшін от пен оққа кеудесін тосты. Бесінші Екпінді майданның құрамында неміс басқыншыларына қарсы шайқасты. Соғыстан кейін жоғары партия мектебін бітіріп, партия қызметтерін атқарады. Алғашында «Еңбек майданы», кейіннен «Коммунизм» атанған аудандық газетте редактор болады.

Қолына қалам алып, тілшілікті тіршілігіне арқау ете білген қаламгерлердің біз үшін қадірі бөлек. Жауынгерлік рух қазақтың қанына біткен қасиет екені ежелден белгілі жайт. Дегенмен майдан даласында да қаламгерлік қарым-қабілетін қажетіне жаратқан жауынгерлердің еңбегі де ерекше.

Жылдар жылжығанымен, қарқаралылық майдангер қаламгерлер туралы естеліктер қазақ баспасөзінде ойып тұрып орын алары сөзсіз.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Нұрсахан БЕЙСЕНБЕКОВА:

9 мамыр «Еске алу күні» деп аталса...

Адамзат тарихындағы қасіретке толы алапат оқиға – Екінші дүниежүзілік соғыс болса, оның аяқталғанына да 78 жыл толып отыр.

Өткен тарихты өзгерту мүмкін емес. Алайда, заман өзгерген сайын тарихқа жаңаша баға беріп, жаңа көзқараспен қарау қажет. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрсахан Бейсенбековпен осы тұрасында аз-кем әңгімелескен едік.

– Қазір Тәуелсіз мемлекетпіз. Ұлы Отан соғысы жайлы сан сәтқа жүргірген пікірлер көп. (Бұл біздің жеңіс емес деген пікірлер) Сіздің ойыңызша, тарихқа жаңаша көзқарас керек пе? Қазіргі уақытта Жеңіс күнін тойлау қаншалықты маңызды?

– Ғалымдар арасында бұл тарихи оқиға Ұлы Отан соғысы емес, Екінші дүниежүзілік соғыс деп айтылады. Сол соғыста опат болғандарды ғана еске алу күні деп атап өту керек. Заман ауысқан сайын тарих парактары сарғая түседі емес пе? Сондықтан, бұл күнді Жеңіс күні деп емес, Соғыс кезінде қаза тапқандарды еске алу күні деп атап өту керек. Бұл не үшін қажет дейтін болсақ, біріншіден, мелитаристік (елдің әскери бағытта дамуы мемлекет экономикасының және мәдениетінің әскерге тәуелді болуы) мемлекеттердің саясатын тоқтату үшін керек. Екіншіден, соғыстан кейін зардап шеккен, мелитаристік жүйеден, қару-жарақтан бас тартқан Германия, Жапония сияқты алпауыт мемлекеттерден үлгі алуға шақырады. Олар қазір қандай жағдайда байып отырғанын бағамдай беріңіз. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Кеңес Одағының дамуы соғысқа қатысқан елдермен салыстырғанда артта қалды. Қазақстан Кеңес Үкіметінің одақтас республикасы болса да, ресми түрде соның айтқа-

нын орындады. Қазір етек-жеңін жиған Тәуелсіз мемлекетпіз. Отанымыз – Кеңес Одағы деп өскен қазіргі аға ұрпақ Ұлы Отан соғысы деп ата-са, тәуелсіз мемлекеттің қазіргі жас буыны оны қабылдамауы орынды. Дәуір ауысқан сайын тарихқа деген көзқарас та өзгереді.

– Екінші дүниежүзілік соғыс еліміз үшін қандай зардап әкелді?

– Екінші дүниежүзілік соғыста адам шығыны өте көп болды. Бір мемлекеттің біреуі қаншама адамынан айырылды. Оның ішінде Қазақстан да бар. Біздің елімізде зауыттарда, фабрикаларда және ауыл шаруашылығында жұмыс күші жетіспеді. Қазақстан КСРО құрамында болғаннан кейін фашистік оккупациядан зардап шеккен аудандарға қолдан келген көмекті аямады. Республикада тұтастай азық-түлік керуені жасақталды.

Қазақстан экономикасы соғыстан кейінгі жылдары күрт дамуын даңғыл жолына түсіп, соғыстан тоқыраған аймақтарды серпілуге көп үлес қосты. Нәтижесінде Қазақстан КСРО экономикасының біртіндеп бейбіт қалыпқа түсе бастауын жеделдетті.

– 1941-1945 жылғы соғыс кезінде Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі көп болды. Соның ішінде Қарағанды өңірі қандай көмек берді?

– 1941-1945 жылғы соғыс кезінде



де Қазақстанның қосқан үлесі туралы атақты академик М.Қозыбаев «Қазақстан – арсенал фронта» деген үлкен монографиясында егжей-тегжейлі баяндайды. 1941-1945 жылдары болған соғыстың алғашқы күнінен-ақ Қарағанды облысының азаматтары бір кісідей көтерілді. Майданға өңірден 60 мыңға жуық адам аттанды. Оның 33-іне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Жеті адам Даңқ орденінің толық иегері болды. Соғыс майдандарында көрсеткен ерлігі үшін 6600-ден астам адам Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталды.

Бұл жылдарда Қарағанды көмір бассейні қорғаныс өнеркәсібінің жоғары сапалы отынмен үздіксіз қамтамасыз етіп отырды. Жер астында жұмыс істеген лавалардың саны соғыс жылдары 63-тен 158-ге дейін өсті.

19 жаңа шахта мен 3 көмір разрезі іске қосылды.

Соғыс жылдары Қарағанды көмір бассейнінде 34 млн. тонна көмір шығарылды, бұл соғысқа дейінгіден 3 млн. тонна артық болатын. Қарағандының колхозшы шаруалары да соғыстың жеңіспен аяқталуына қомақты үлес қосты.

– Екінші дүниежүзілік соғыс жайлы әлі де болса ашылмай жатқан шындық, айтылмай жатқан ақиқат бар ма? Соғыста қаза болғандардың саны бүгінге дейін зерделенбей келе жатқаны секілді...

– Екінші дүниежүзілік соғыста қаза болғандар саны жан түршіктіреді. Кезінде ауыл-ауылға қара қатас келіп, қайтыс болғанын білген жұрт осы күнге дейін өз туыстарының сүйегі қай жерге жерленгенін біле алмай жүр. Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқандар, хабарсыз кеткендер, тылда жұмыс жасағандар туралы жаңа деректерді жинап, қайтадан оқулықтарға енгізу керек. Бұл жұмыстар жалғасып жатыр. Арнайы комиссия құрылып, қазіргі ұрпақтарынан аталарының қай жылы, майданның қай шебіне аттанғанын нақтылап, біраз мәлімет анықталып жатыр. Соғысқа қатысып, қаза тапқан қазақстандықтардың саны әлі де болса нақтыланбай келеді. Ал тарихта нақтылық болу керек. Бүгінгі зерттеушілері бұл тұрғыда тың деректерді іздеп тауып, тарихқа өз үлесін қосуда деп айта аламын.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Дүйсенбеков дүбірі

«Отан үшін от кешіп, жанын пидә еткендерді өздерінің ессіздігімен өлген ақымақтар қатарына қосып, ал майданнан аман-сау оралғандарды назарға да алмайтын, керісінше, оларға «сталиншілдер», «партократтар», «отрабoтанные материалы» деп қарайтын пиғыл пайда болды. Ол ол ма, «егер Гитлер жеңіске жеткенде біздің де жағдайымыз Германиядағыдай болар еді» дейтіндер шықты. Ақымақтық! Басқыншылықтың аты – басқыншылық. Біз қару алып Отанымызды қорғадық. Өмірімізді оққа тостық. Бізде бір-ақ мақсат болды: ол – Отанды басқыншылардан қорғау...».

Бұл – Ұлы Отан соғысының ардагері, Сталинград үшін болған қанды қырғынның қаһарманы, «Даңқ» орденінің үш мәрте иегері, I, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл ту», «Знак почета», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қарағанды облысының, Қарағанды қаласының, Шет, Жанаарқа аудандарының Құрметті азаматы, есімі аңызға бергісіз әңгімеге өзек болған Камали Жұматайұлы Дүйсенбековтің журналистермен болған сұхбатында айтқан пікірі. Пікірі деп айта салу жөн болмас, бұл – ардагердің жанайқайы, қайсыбір кемсаңа жандардың кемшін ойлауынан туған пікірге деген қарсылығы.

Камали Жұматайұлы Дүйсенбеков!

Бұл – бала кезімнен естіп келе жатқан есім. Жұрт «Камали Жұматаевич» немесе «Камали Жұматайұлы» деп жаптайтын. Қысқаша ғана «Дүйсенбеков» дейтін. «Дүйсенбеков шақыртыпты», «Райком Дүйсенбеков», «Дүйсенбеков келе жатыр» деген сөздер бала кезімден құлағымызға сіңісті болған. Сол атағы жер жарған Дүйсенбековтің кім екенін, қандай адам болғанын кейін білдік қой. Аңыз адам екен.

Көмекеңнің балалық шағы өткен ғасырдың өпкек желі өңменінді тесіп, қиындығы қос өкпені қысып тұрған шаққа тап келген. Жөк-

жітік уақыт, жұтаң тірлік, сыз иісі қолқанды қабатын жатағын үй, тар бөлме, тыстан келсең жауғанда қолыңа қарайтын балалардың кейісі жүзі... Таршылық тынысыңды тарылтқаны аз болғандай, жан біткенді жаусатып жалаңдап аштық келді. Бұл 1929 жыл еді. Басқа өңірге қарағанда тіршілік ету қолдайлы жер болды ма екен. Көмекеңнің әке-шешесі Спасккіге қоныс аударады. Бір жылдан соң «Қарағандыда шахта, завод ашылып жатыр» дегенді естіп, қалаға көшіп келеді. Мұнда көкөніс сақтауға арналып салынған баракты баспана етіп тұрады. Баракта отыздан астам отбасы қалт-құлт етіп күн кешеді. Бәрінікі де тұралаған тұрмыс. Бала Камали осы кезде на-

уақстан, аштықтан қайтыс болғандарды көріп өсті, тауқыметті тірлік оның қабырғасын да, ішкі рухын да қатайтып тастап еді. Әкесі Федоровқадағы №1 кірпіш заводына балшық айдаушы, анасы құм карьерінде жүк тиеуші болып орналасады. Мехнаты бел қайыстырар қара жұмыста жүрген әкесінің жаурақат алып, еңбекке жарамсыз болып қалуы отбасы жағдайын тіпті, қиындата түседі. Басқа түскен мына сын-сынақтан ерте есейген бала Камали: «Әкем көтерген шаңырақтың тағдыры енді біздің талабымыз бен тірлігімізге қарап қалды. Шайқалтпауым керек», – деп тастүйін боп алатын кезі де осы шақ еді. 13 жасында ол әкесінен айырылады. Бұл – балиғатқа толған балаң жігіттің белін қатайтып қасірет еді.

Ержетіп, ес жиып, аштық пен жұтаң тірліктің салмағынан енді құтыламыз-ау деген шақта соғыс басталды. Қырық бірдің қырғыны басталғанда Камали жеті жылдық мектептің соңғы сыныбында оқып жүріп әкесі еңбек еткен кірпіш заводына жұмысқа орналасады. Ат айдаушы, жүк тиеуші болады, бос уақытында вагоннан кірпіш түсіріп, күнкөріс нәпақасын табады. Мақсаты – анасына сүйеу болу.

1942 жылы өз еркімен майданға аттанады. Жауынгер Камалидің жан әлемін астан-кестен етіп, «адам қолымен осындай да айуандық жасалады екен-ау» дегізген оқиға Сталинград үшін болған шайқас еді. Құзғындай қаптап келген жау самолеттерінің бауырынан төгілген бомба қара жер қойынын әлем-тапырық еткенін көрді. Ысқы-



рып келіп құлаған снарядтардың алапат күшінен жер солқылдағанын сезді. Жауған оқтан жасылдай жапырылған жауынгерлерді де көзі көрді. Тұшынып тамақ ішпей, қатқан нан жеп, тіпті, екі-үш күн нәр таппай жүрген күндері болды. Сталинград шайқасы жауынгер Камалидің жігерін жаныды, қайратын шақырды, қаруын сүйіп тұрып «Қасық қаным қалғанша жаумен шайқасып, кек аламын» деген сертке байлап тастаған болатын. Оның бұдан кейінгі жорықты жолдары ерлік пен өрліктің дастанындай еді. Ол – ерлік эпосы еді.

4-Украина майданы 63-армиясының 13-корпусы 24-гвардиялық дивизиясының құрамында соғыс қимылдарына қатысқан Камали Жұматайұлы Курск доғасындағы қанды шенгелді бұзып шығуға, Севастополь, Симферополь, Калининград, Херсон, Евпаторий, Карл-казак-1, Карлказак-2, Саки, Орел, Донбасс, Воронеж, Новочеркасск, т.б. қалаларын, Қырымды, Прибалтика жерін фашистерден азат ету жолындағы кескілескен ұрыстардың бел ортасында жүрді.

Севастопольді азат ету үшін

болған қанды қырғында қолына снаряд жарқыншағы типі, ауыр жаракат алады. 1944 жылдың 6 мамырында Красноярск госпиталіне түскен Көмекең тамыз айына дейін емделіп, жаралы қолын кесуден аман алып қалып, елге оралады.

...Енді оны тылдағы еңбек майданы күтіп тұрған еді.

Иә, тағдыр сыйы болар, елге оралған Көмекең екі жыл бір сыныпта оқыған Марфуга есімді қызбен табысып, тілек түйістіріп, жүрек жақындатып, бас құрап, шаңырақ көтереді. Өзі қым-қуат еңбекке араласып кетеді.

Қарағанды облысы, Ворошилов аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшы болып тағайындалады. Кейін Қарағанды қаласына шақырылып, еңбек жолын бастаған кірпіш заводы директорының орынбасары болады. 1945 жылы Қазақстан Компартиясы ОК-і жанындағы біржылдық курсты тәмамдап (кейін екіжылдық партия мектебінде, ҚазМУ-да оқып жоғары білім алады), саяси-қоғамдық жұмыстарға араласады. 1946 жылы партия комитетінің үгітшісі, кейін Мойынты-Шу теміржолы құрылысы саласында жауапты қызметкер, 1950 жылы Ворошилов аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етеді. 1953 жылы Жанаарқа аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, 1959 жылы Жанаарқа аудандық атқару комитетінің төрағасы болады. 1964 жылы Шет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалады. Он жеті жылдай осы ауданды басқарды.

Атағынан ат үркетін қызметтерді тізбелеп шығу оңай, ал сол

Ұлы Жеңіске



қызметті абыроймен атқарудың қиындығы қаншалықты десеңізші. Соғыстан кейінгі қираған шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстары, тұралап қалған агросекторға жан бітіру, жабылып қалған әлеуметтік-рухани, білім орталықтары ашып, оларды мамандармен қамтамасыз ету, жол салу, мәдени ошақтардың жұмысын жандандыру, халықтың әл-ауқатын арттыратын шараларды қолға алу, тұрғын үй салу т.с.с. жанды буындарды тез арада іске қосу – бірінші басшының жауапкершілігіндегі жұмыстар. «Райком Дүйсенбеков» бұл салада да қайраткерлік таныта білді. Халықтың «Камали аға» деген құрметіне ие болды. Көмекең ордалы отбасымен де зор дәулетке кенелді. Марфуга апай екеуі 10 бала тәрбиелеп өсірді. Бірі Ұлы Отан соғысының батыры («Даңқ» орденінің толық кавалері Кеңестер Одағының Батыры атағымен теңестіріледі- авт.), бірі «Батыр ана» атанды. Олардан тараған немерелер мен шөберелер – Камали ағаның ғұмырының жалғасы.

1924 жыл 26 желтоқсанда (Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Жамбас бұлақ ауылында) дүниеге келген батыр аға 2018 жылы 1 ақпанда 94 жасында дүниеден озды. Келесі жылы Камали ағаның туғанына 100 жыл толады.

Ғазиз ЕШТАНАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Майдангер жолы

Жыл өткен сайын Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің қатары сиреп барады. Табиғат заңы солай, өмір барда өлім бар. Сол сұрапыл соғыс жылдары от пен оқ жауған қан майданнан аман оралған соңғы солдаттың жасы 1945 жылы кемінде 25-тен аса, қазір ғасырға таяйды екен. ҚР Мемлекеттік қызметтің ардагері Зура Түсіпқалиқызы Өскеева осындай бір ойға берілген сәттері бір емес, екі майданда жаумен шайқасып, Қыыр-Шығыстағы жапон соғысына дейін барып, туған жерге 1947 жылы ғана аман жеткен әкесі Түсіпқали Өскеевтің майдан жолын еске алады.

Балқантәу өңірінде Доғалаңның етегіндегі Сарышөкпеде 1923 жылы дүниеге келген Түсіпқали Өскей баласы соғыс басталғанда Қу ауданындағы «Сарышөкпе» колхозында есепші, ауылдық кеңестің хатшысы болып

жауды өкшелей қуып, Еуропаға дейін жеткен пулеметші Түсіпқали талай мәрте жараланып, бірнеше рет айлап госпитальда жатады. Арқа омыртқасының тұсындағы үңрейгең оқтын орны бұлтты күндері сыздапты, сұра-

майданынан аман шыққан қос азамат туған елмен қауышып, ендігі жігер-күштерін бейбіт өмірдің көркеюіне жұмсауға білек сыбана кіріседі.

Түсекең бейбіт өмірге оралған соң, еңбек ете жүріп, білімін жетілдіріп, Алматы қаржы-кредит техникумында сырттай оқиды. Аудандық атқару комитеті жалпы бөлімінің меңгерушісі, жоспарлау комитетінің төрағасы, банк басшысы қызметтерін атқарады.

Жыл өтпей Мәңгіш атты аруға үйленіп, отбасын құраған азаматтың бірнен кейін бірі үбірлі-шүбірлі балалары да өмірге келді.

Зура Түсіпқалиқызы «Соғыстан аман қайтып, біздердің жарық дүниеге келуімізге себеп болған әкеміздің кескін-келбеті өмірі көз алдымнан кетпейді. Ең болмаса түсімде көрсем ғой, деген сағынышпен ұйықтап, сағынышпен оянамын. Небәрі 43 жасында соғыста алған жаракатының салдарынан өмірден өтіп кеткен асқар тау әкеміздің нұрлы жүзі мәңгі-бақи елес болып қалды. Ең кішкентай бауырым I жаста ғана, бұғанамыз қатар-қатпаста әкесіз қалған жетесуімізді анамыз Мәңгіш жеткізді» дейді.

Егіндібұлақ өңірінің тумасы, академик ұстаз заңғар Зақан (белгілі алаштанушы, абайтанушы ғалым, жазушы, зерттеуші Зарқын Тайшыбай) Түсіпқали әулетімен Егіндібұлақта көрші тұрып, жақын араласып, бірге жүрген күндерді еске алғанда Түсекеңнің шымыр денелі, тығыршақтай, шапшаң қимылдайтын жігіт ағасы, әзіл-қалжың аузынан түспейтін, ақжарқын, айналасына шуақ шашып тұратын жайдары жан болғанын қимастықпен айтады.

Майданнан қайтқаннан кейін туған жерді түлетуге еселі еңбек етіп, екі онжылдыққа жетер-жетпес қалған ғұмырында Қу, кейіннен Егіндібұлақ атанған ауданды өркендетуге перзенттік үлесін қосқан «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерді игергені үшін» медалдарымен марапатталған майдангер Түсіпқалидың ұрпақтары да бүгінде Тәуелсіз қазақ жұртының игілігін еселеп жүр.

Көріпбек Түсіпқалиұлы ауыл шаруашылығы саласының ардагері, Рымбек Түсіпқалиұлы байланыс саласының ардагері, Қуанышбек Түсіпқалиұлы энергетика саласының ардагері болса, Зура Түсіпқалиқызы Егіндібұлақ, кейіннен Қазыбек би ауданы атқару комитеті төрағасының орынбасары болған, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері Осақаров ауданының Құрметті азаматы, бұл күнде еңбек демалысындағы мемлекеттік қызмет ардагері.

Бүгінгі бақытты ғұмырға жеткізген аға ұрпақтың ерлік еңбектері, майдангер жолы ешқашан ұмытылмасын. Ұрпағымыз мың жасам Түсіпқалидай азаматтардың есімі ел есінде, жас ұрпақ жадында жаңғыра беруі тиіс.

Сағат БАТЫРХАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі

Берлинге жеткен жауынгер

Әбдікәрім Құдайбергенов – Ұлы Отан соғысының ардагері, II, III дәрежелі «Даңқ» орденінің, «Отан соғысы» орденінің, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Будапешті алғаны үшін» және басқа да мерейтойлық медальдардың иегері.

Қара бұлтты сейілтп, күн шуағын сыйлаған ардагерлер қатары жылдан жылға сиреп қалса да, фашизмге соққы берген аталарымыз болашақ ұрпақтың жарқын келешегін қамтамасыз ету үшін қасық қанын аяған жоқ. Арада қанша жыл өтсе де, қан майданда «Отан үшін!» деп алға ұмтылған, қаһармандық пен ерен ерліктің үлгісін көрсеткен жауынгерлер есімі ешқашан ұмытылмайды. Соғыс – адам баласының басына түсетін ең ауыр қасірет. Бүгінгі ұрпақ сол қасіретті көрмей-ақ өссе екен, оны болдырмау үшін егемен елінің іргесін нығайтатындай қажырлы еңбек етсе екен дейміз...

Әбдікәрім Құдайбергенов – Нұра ауданының Кеңжарық елді мекенінде, қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі терең діндар адам болған. «Бойындағы табиғатынан біткен емшілік қасиетінің арқасында қиын-қыстау заманда ат жоқ, өгіз, сиырға мініп, ел аралап ауру сырқауларды, әсіресе, жас нәрестелерді емдеп, көпшілікке шапағатын молынан тигізген» дейді көзкөргендер.

Осындай отбасынан тәрбие алған Әбдікәрім ауыл мектебін бітіріп еңбекке араласады. Бірақ, сұм соғыс жас жігіттің арманының ойран-топырын шығарып жіберді. Сөйтіп, 18-ге жаңа толған жас қан майданға аттанды. Алғашқыда Орал қаласында әскери даярлықтан өтіп, 20-сыңшы десанттық гвардиялық бригада құрамында, аға сержант шенінде бөлім командирі болып шайқасқа кіріскен. Ленинград майданы – соғыстың ең ауыр кезеңі болатын. Ұлы Отан соғысының тарихындағы ең ауыр беттердің бірі – Невадағы қаланы қорғау мен қоршалуына байланысты. Петрозаводск қаласын жаудан азат етуде жас атқарушы Әбдікәрім Құдайбергенов ержүректігімен, мергендігімен жаудың шоғырланған отты нүктесін жойды. Осы қаланы азат етуде көрсеткен ерлігі үшін жас жауынгер III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. Ол қоршауда қалған қалаға солтүстік-батыс шепте әскери жабыдықтарды жеткізуде, Нева өзенінен өтуде, Ленинград қаласын жаудан азат етуде жауға қарсы жан аямай шайқасып, дұшпан армиясын елеулі шығынға ұшыратты. Осы майданда Әбдікәрім Құдайбергенов 1944 жылға дейін жанқиярлықпен шайқасты, бірнеше рет жаралана да, қайтадан майдан шебіне оралып отырды. Ленинград шайқасы 1944 жылы Выборг – Петрозаводск операциясының нәтижесінде аяқталды.

Одан кейін бірінші, екінші Украина майданы болды. 20-сыңшы гвардиялық десанттық бригада құрамында жаудан елімізді тазарту үшін ерлікпен шайқасты. Осыдан кейін II дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. Тағы да жаракат, тағы да госпиталь, бірақ, жігерлі жас оңалысымен қайта майданға аттанды. Баласы Асқар: «Әкеміздің денесіне қарауға жүрексінетінбіз, себебі, денесі шүрк-шүрк тесік, ылғи оқ іздері болатын» дейді. Ленинград түбінде басталған майдан жорығы Берлинге дейін жалғасты. Екі ортада Украин қалаларын азат етуге, Белоруссияны жаудан тазартуға, Румыния, Венгрия, Австрия жерлерінде болған қанды ұрыстарға қатысты.

Сонымен, жас сарбаз Жеңіс күнін Германияның



Аға сержант Әбдікәрім Құдайбергенов, 1944 жыл

Дрезден қаласында қарсы алды. Бірақ, елге қайту жоқ еді. Енді, Еуропаны жаудан азат ету керек болатын. Сөйтіп, оның жауынгерлік жолы Югославия, Австрия, Венгрияға бағытталды. Елге тек 1947 жылы оралды.

Тарихи Жеңістен кейін жауынгер, ұрыс даласында алған жаракатына қарамастан, ел экономикасын көтеруде қажымай, талмай еңбек етті. Екі салада еңбек етсе де, ол кісі Отанына адал болды, өзіне тапсырылған міндетті асқан жауапкершілікпен атқарды. Еңбекке араласып, ұстаздық етіп, отбасын құрып бейбіт өмірге енді. 1957 жылы партия қатарына алынды. Еңбекқорлығы мен адалдығы, жауапкершілігінің арқасында оны совхоздың партия комитетінің хатшылығына сайлады. Бұл міндетті де асқан жауапкершілікпен атқарды, жастарды тәрбиелеу ісіне аса қатты көңіл бөлді. Сұрапыл соғыста от кешіп, мұз жастанған оның денсаулығына, әрине, кесірін тигізбей қоймады, енді ғана бала-шағасының қызығын көріп келе жатқанда, 1991 жылы небәрі 67 жасында дүниеден өтті.

Жұбайы Мария екеуі үш бала тәрбиелеп жеткізді. Олар әке жолын жалғастыруда, әке туын биік ұстап, ұрпақтан ұрпаққа абыроймен жеткізуде. Әбдікәрім Құдайбергенов өмірі мен ерлігі ұрпаққа үлгі. Оның есімі ел есінде. Енді ауылында батыр атында көше бар, есімі саябақтағы ескерткішке жазылған. Үлкенді-кішілі жұмыста жүргенде жұртқа адал қызмет еткен, адалдықты көңіліне тұмардай түйіп, жанына серік қылған майдангер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Бикен АХМЕТОВА,
Қазақстанның Құрметті журналисі



Түсіпқали мен Жұмағали Өскейұлы

еңбек етіп жүрген еді. 20-шы ғасырдың басы, әсіресе елуінші жылдарға дейін ұлтымыз үшін оңай болған жоқ. Түсіпқалидың әкесі Өскей Серікбаев тауқыметі мен тақсиреті адам айтқысыз ауырлық әкелген ашаршылықтың құрбаны болды.

Түсекең 1942 жылы Алматы жау әскерлер училищесіне курсант болып қабылданады да, алты айдан кейін Қызыл Армия қатарына алынып, майданға аттанып кете барады. Жырмаға толар-толмас жасында Курск майданына тап болып, әйгілі Курск шайқасына қатысады. Осы майданда «Әскери ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Осы Курск иініндегі жан алып, жан беріскен ұрыстан кейін,

пыл соғыс зардабын ұмыттырмай еске салып тұратын.

Майдан жолымен Берлинге дейін барған Түсіпқали Өскев «Германиядағы жеңіс үшін», «Жапониядағы жеңіс үшін» медалдарын кеудесіне қадап, туған жерге тек 1947 жылы келді. Келгенде де жалғыз емес, Жапон жеріндегі соғыс майданының бірінде ағасы Жұмағалиді жолықтырып, сегіз жыл бойы көріспеген ағайынды екеуі елге қол ұстасып бірге қайтқан екен. Ертегідегідей аңызға бергісіз бұл кездесуге жапон соғысындағы солдаттардың бәрі әрі қуанып, әрі таңқалып, бауырлардың туған жерге аман оралуын шын жүректен тілейді. Сол тілек қабил болып, екі бірдей соғыстың қан

Құттықтаймыз!

Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Изенді ауылының тұрғыны, отбасының тірегі, балалардың қамқоршысы, немерелерінің ардақты атасы, ағайын-туғанның жанашыры **Есет Ерғенұлы ҚЫДЫРҒАНБЕКОВТЫ** 4 мамырда келген 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



Бар саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнап, Нұра жалпы білім беретін мектебінде 41 жылдан артық ұстаздық етуде, оның 25 жылдан артық уақытында басшылық қызмет атқарып, тынымсыз еңбегінің нәтижесінде үлкен құрметке бөленді.

Сіз үлкенге ізет көрсетіп, кішілерге қамқорлығын аямайтын, асыл жар, асқар тау әке, мейірімді атасыз. Сізді әрдайым мақтан етеміз.

Мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақтай берсін! Мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілейміз. Ортамызда шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, жүре беріңіз.

Жас ұрпаққа тәлім мен берген білім, Қылықты қыз, өсірген көргенді ұлын. Жан Әкеміз, бүгінгі құтты болсын, Мерейіңіз, 60-қа келген күнін! Арқасүйер ақылшы, панамыз да, Үлгі-өнеге өзіңнен аламыз да. Бұл өмірдің қызығын ұзақ көріп, 100-ге дейін жүріңіз арамызда!

Ізгі ниетпен: жұбайы – Сандұғаш, балалары, немерелері, жиендері.

№251

«GoldCorp» ЖШС, БСН 200640026244, Астана қ., Ә.Сембинов көшесі, 17, 33-кеңсе, Қарағанды облысындағы Солтүстік Самобет учаскесін барлау жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді, №1728-ЕЛ лицензиясы (түзету). Тыңдау 15.06.2023 ж., сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жаңаөтан ауылдық округі, Жаңаөтан ауылы, Ұшқын көшесі, 38, клуб ғимараты, сондай-ақ, Zoom конференциясы арқылы өтеді (Идентификатор: 5118020965, кіру коды: uaeK4z).

Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады esportal.kz. Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірінші экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады esportal.kz, сондай-ақ эл. мекенжайы: goldcorp2022@mail.ru. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекенжайы: goldcorp2022@mail.ru және телефон бойынша: 7-701-78-726-98.

ТОО «GoldCorp», БИН 200640026244, г.Астана, улица А.Сембинова, 17, офис 33, проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу охраны окружающей среды к Плану разведки участка Северный Самобет в Карагандинской области, лицензия №1728-ЕЛ (корректировка). Слушания состоятся 15.06.2023 г., в 11.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Каркаралынский район, Жанатогаанский сельский округ, село Жаңаөтан, ул.Ушқын, 38, здание клуба, а так же посредством Zoom конференции (Идентификатор: 5118020965, код доступа: uaeK4z).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале esportal.kz. Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на эл. адрес: goldcorp2022@mail.ru. Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: goldcorp2022@mail.ru и по телефону: 7-701-78-726-98.

№130

Еске алу

Бұл жалған фәниден бақиға тағы бір азамат аттанды. 6 сәуір 2023 жылы Құлбан немересі **Жақлан КӨРІМҚҰЛҰЛЫ** дүние салды.

Жақлан 1949 жылы 20 ақпанда Қайнарбұлақ әкімшілігіне қарасты Милыбулақ ауылында дүниеге келіп, 1966 жылы Қарқаралы қаласының мектеп-интернатында орта мектеп бітіріп, Алматы ауыл шаруашылығы институтының агроном мамандығын 1971 жылы тәмамдады.

Одан кейін Қарқаралы ауданының кеңшарларында агроном, Талды ауданының ауылшаруашылығы басқармасында бас агроном, Бірінші Май кеңшарында жұмысшылар комитетінің төрағасы, «Қарқаралы» кеңшарында бас агроном болып еңбек атқарды.

Жақлан сүйген жары Айкен екеуі үш қыз, бір ұл өсіріп, немере-жиендерін мәпеледі. Ауылы досымыз Жақлан жатқан жерін жайлы, топырағын торқа болсын.

Жақланның өз сөзімен айтсақ: сондағы бірге оқыған сыныптастар, қазіргі сыйласқан, кимас достар. Өтпелі өмір-ай, өкінесің басында біразының «көктасы» бар. Бақұл бол, сыныптасымыз.

Еске алушылар: 10-сынып тәрбиешісі **Ғалияш Медеубаева** және **Қарқаралы қаласының мектеп-интернатының 1966 жылғы түлектері.**

№236

ХАБАРЛАНДЫРУ

(жария талқылау)

«Қазакмыс корпорациясы» ЖШС 2023 жылғы 17 мамырдан бастап «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен «Нурказган БФ кажеттіліктері үшін Батыс Нурказган карьерінің аршыма тау жыныстары үйіндісінен тасты жер тиеу» жобасы бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ақтау а. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС

Өкілі: А.А. Уманова, байланыстар: тел. 8(7212) 95-71-35

Әзірлеуші: «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты. Өкілі: Н.Ж. Темірбаев, байланыстар: 8(777) 275 7969, эл.мекенжайы: Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары esportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде <https://idp.esportal.kz> сілтемесі бойынша қолжетімді болады.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты, сонымен қатар жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz эл. мекенжайы және тел. 8(777) 275 7969.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

(публичные обсуждения)

ТОО «Корпорация Казахмыс» сообщает, что с 17 мая 2023 года проводятся общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту «Отгрузка скального грунта с отвала вскрышных пород карьера «Западный Нурказган» для нужд Нурказганской ФО» с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, поселок Ақтау.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Уманова А. А., контакты: тел. 8(7212) 95-71-35.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Темірбаев Н.Ж., контакты 8(777) 275 7969, эл. адрес: Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: esportal.kz и будут доступны с даты их размещения для представления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://idp.esportal.kz>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz и номеру тел. 8(777) 275 7969.

Д

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Ұлылардан тағылым алған ұрпақ

«Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы және Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының ұйымдастыруымен аталған мектепте 9-11 сынып оқушылары арасында «Алаш ұлыларының тағылымы – ұрпаққа өнеге» тақырыбында облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға Қарағанды өңірінің аудан, қалаларынан 121 оқушы қатысып, бағын сынады.

өлең-жырларын мәнерлеп оқыса, «Жалынмын мен жанамын...» бағытында Алаш зиялыларының шығармашылығынан сахналық көрініс қойып, ән шыққады.

Оқушылардың жұмыстарына баға берген қазылар алқасының құрамында Е.Бөкетов атындағы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Алуа Сейіт бас жүлдеге ие болды.

«Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы – ұлт зердесі» бағытында Теміртау қаласы №2 ЖББ мектебінің 9-сынып оқушысы Айкен Сәрсенбаева әдебиет пәні

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ғылыми-тәжірибелік конференция ұлт санасын жаңғырту-да Алаш зиялыларының өмірі мен өнегесін насихаттау арқылы оқушылардың бойына рухани және ұлттық құндылықтарды дарыту, ұлы тұлғалардың қазақ халқының тарихы мен әдебиетіне қатысты еңбектерін зерттеп, зерделеу және Алаш зиялыларының өмір жолын, қызметін насихаттау арқылы жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатында бұл конференция жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Быыл Алаш ұлылары – Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мерейтойына арналды. Оқушылар конференцияға Қарағанды, Теміртау, Приозерск қалаларынан, Шет, Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров аудандарынан келіп қатысты. Алаш тақырыбы қай кезде де өзекті, құнды. Оны зерттеген сайын тың дүниелер табыла береді. Әлі де болса, осы тақырыптың ашылай жатқан тұстары көп. Оқушылар Алаш тарихын білсе, өзіндік үлесін қосса деген мақсатта осындай ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізіп отырмай. Бірақ зерттеудің тетігін таба білу де – зор ізденіс, жетістік. Сондықтан оқушылар мен жетекшілерге әлі де іздену керек. Оқушыларға баға берген қазылар алқасы да осыны айтты. Ғылыми жұмыс болғандықтан, онда жаңашылдық, жаңа пікірлер, жаңа көзқарас болуы



қажет, – делі «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері Әсем Түсіпбаева.

Шара төрт бағыт бойынша өткізілді. Бірінші «Қазақ мемлекетінің құрылуындағы Алаш қайраткерлерінің идеясы» тарих бағыты бойынша оқушылар ғылыми жоба қорғады. Келесі «Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы – ұлт зердесі» бағытында оқушылар әдебиет пәні бойынша ғылыми жоба қорғап, тың мәліметтер ұсынды. Одан кейінгі бағыт бойынша «Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін» сайысында оқушылар ұлылардың

Қарағанды университеті филология факультетінің профессор-оқытушылары, өңірлік колледждердің және Назарбаев Зияткерлік мектебінің пән мұғалімдері бар. Конференцияның шығармашылық бағытына Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінен, Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінен, С.Сейфуллин театрынан өнерпаздар арнайы шақырылып, оқушылар өнерін бағалады.

«Қазақ мемлекетінің құрылуындағы Алаш қайраткерлерінің идеясы» бағытында Шет ауданы Жарық ЖББ мектебінің 10-сынып оқушысы Алтынай Кенішова және Ақжал кенті Ақжал негізгі

бойынша ғылыми жоба қорғаудан I орын алды.

«Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін» бағыты бойынша мәнерлеп оқу сайысында Жамбыл атындағы ММЛИ-дің 9-сынып оқушысы Аяулым Ниханбаева бас жүлде иеленді.

«Жалынмын мен жанамын...» бағытында сахналық қойылым қойған Қарағанды қаласы №82 ЖББ мектебінің 9-сынып оқушыларының өнері бас жүлдеге лайық деп танылды. Ал ән орындау бағытында бас жүлде Қарағанды қаласы Қ.Аманжолов атындағы балалар музыка мектебінің 9-сынып оқушысы Бекжан Әбдікеремке бұйырды.

Қарағанды облысы: ауа райы

	6 мамыр		7 мамыр		8 мамыр	
Қарағанды қаласы	+23	+4	+24	8	+25	+9
Абай ауданы	+23	+3	+25	+7	+25	+8
Ақтоғай ауданы	+21	+2	+23	+3	+24	+5
Бұқар жырау ауданы	+21	+5	+22	+8	+23	+9
Қарқаралы ауданы	+21	+3	+21	+6	+20	+4
Нұра ауданы	+16	-3	+21	+2	+23	+3
Осакаров ауданы	+22	+4	+44	+9	+24	+10
Шет ауданы	+22	+2	+23	+5	+24	+6

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының судьясы А.С.Конурбаева Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 6 шағынауданы, 43 үй, 19 пәтер мекенжайында тұратын Иван Михайлович Дунастың арызымен танысып, 16.04.1956 жылы туған Михаил Васильевич Дунасты қайтсы болды деп тану туралы іс қозғады. Соңғы тұрғылықты мекенжайы: Теміртау қаласы, Қарағанды облысы, 6 шағынаудан, 43 үй, 19 пәтер. Азамат Михаил Васильевич Дунастың тұрып жатқан жері туралы мәліметтері бар адамдарға бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай аралығында Қарағанды облысының Теміртау қалалық сотына хабарлауды сұраймыз.

№256

Хабарландыру

«Тектурмас Ресорсис» ЖШС Қарағанды облысындағы Тектурмас учаскесінде хром кендері мен ілеспе компоненттерді барлау жоспарына рұқсат беру құжаттамасына жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 14.06.2023 жылы сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қрасная Поляна а.о., Қрасная Поляна ауылы, Байқоңыр көшесі, 24 ғимарат, Өкім ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Жобаның тапсырыс берушісі – «Тектурмас Ресорсис» ЖШС, БСН 180940026378, тел. 8 702 531 1133. Мекенжайы: ҚР, Астана қ., Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1 ғимарат. e-mail: dvk_75@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші – «Minerals Operating» ЖШС, БСН 181140023496, Астана қ., Мәңгілік ел қ., 55/21, 164 кеңсе, тел. 8 777 491 40 02, 8(7172) 24 72 80

Өсер ету аумағы – Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қрасная Поляна ауылы. Жоба материалдарымен бірінші экологиялық порталдың (БЭК) сайтында және «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Қарағанды облысының ТРЖКОПБ электронды поштасына қабылданады expertiza.upr_krg@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Онлайн қосымша сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/86269514762?pwd=YmlsZmhhZDZlbnRkS5NmZSSXBoZz09>

Конференция идентификаторы: 862 6951 4762

Кіру коды: 763596

Объявление

ТОО «Тектурмас Ресорсис» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по проектным материалам к разрешительной документации к плану разведки хромовых руд и сопутствующих компонентов на участке Тектурмас в Карагандинской области. Слушания состоятся 14.06.2023 года в 15:00 по адресу Карагандинская область, Шетский район, Краснополянский с.о., с. Красная Поляна, улица Байқоңыр, 24 здание Акимата.

Заказчик проекта – ТОО «Тектурмас Ресорсис», БИН 180940026378, тел. 8 702 531 1133. Адрес: РК, г. Астана, район Есіл, улица Дінмұхамед Қонаев, здание 12/1. E-mail: dvk_75@mail.ru. Разработчик проекта – ТОО «Minerals Operating», БИН 181140023496, г. Астана, ул. Мангилик ел, 55/21, офис 164, т. 8 777 491 40 02, 8(7172) 24 72 80.

Территория воздействия – Карагандинская область, Шетский район, с. Красная Поляна. С материалами проекта можно ознакомиться на сайте единого экологического портала (ЕЭП) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в разделе «Общественные слушания». Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу – УПРПП Карагандинской области expertiza.upr_krg@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/86269514762?pwd=YmlsZmhhZDZlbnRkS5NmZSSXBoZz09>

Идентификатор конференции: 862 6951 4762

Код доступа: 763596

№134

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңілдетілген үш жыл
- жеңілдетілген үш жыл
- тракторлар және ауылшаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалары үшін

ЕБ АРАҢ ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, ЕБ АРАҢДАУ БАҒАДА САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1

тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• ФЕСТИВАЛЬ

Патриоттық рухты паш еткен

«Қарағанды – достық пен бірліктің астанасы» тақырыбында «Сарыжайлау» кинотеатрында патриоттық рухты паш еткен Жастар шығармашылық фестивалі өтті. Оған Қарағандының жеті колледжінің студенттері, этномәдени бірлестік өкілдері, кәсіби және әуесқой орындаушылар мен ұжымдар және 6505 әскери бөлімінің сарбаздары қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылар фестивалді бірден үш мерекеге – Қазақстан халқының бірлігі күніне, Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне орайластырды. Аталған жобаны Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы, арнаулы орта оқу орындарының директорлар Кеңесі, мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Ардагерлер кеңесі һәм және Достық үйінің ұжымы бірлесіп өткізді.

Мұнда колледж студенттері түрлі халықтардың қолданбалы өнер бұйымдары көрмелерін ұйымдастырды. Бұл – қатысушы командалары алған тапсырманың бөлігі. Әр колледж Қазақстан аумағында тұратын, жеребе тарту арқылы таңдалған ұлттың бірін ұсынуы керек еді. Талап – таңдалған этностың ұлттық костюмін көрсету, әнін немесе биін орындау, ұлттық тағамдарын дайындау.

Ис-шара Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің Ұлы Жеңістің 70



жылдығы қарсаңында жазған үндеуі сақталған капсуланы салтанатты түрде ашудан басталды. Отан қорғаушыларының бейбітшілік туралы жолдауы әр онжылдықта бір рет оқылуы керек. Сахнаға

капсуланы құрметті қарауыл алып шықты. Бір минут үнсідікпен байтақ Отанымызды фашизмнен тазартып, өз өмірін қиған жауынгерлерді еске алды жұрт. Эқранда Ұлы Отан соғысына қатысушы қарағандылықтардың фотосуреттері көрсетілді.

Кезек студенттер дайындалған нөмірлеріне де жетті. Заманауи көпсалалы колледж татар халқының мәдениетін таныстырды. Қарағанды банк колледжі грузиндік бояумен өнер көрсетіп, «Сулико» әнін орындады. Украиндар жайлы сахналық қойылымды Жоғары гуманитарлық колледждің студенттері ұсынды. Көрермендер Жоғары медициналық колледжі студенттерінің орындауында қырғыз нөмірлерін тамашалады. Академик К.Сағынов атындағы колледж-мектебінің ұландары шешен лезгинкасын биледі. Ал, Қарағанды сән колледжі ұлттар көрмесін қазақтың төл өнерімен аяқтады.

Фестиваль осымен оныншы рет өткізіліп отыр. Аукымды шара Қазақстанда тұратын халықтардың мәдениетін көрсете отырып, этносаралық келісімді сақтауға көмектеседі. Қазақстанның біртұтас халқы болашаққа сенімді қадам басуы үшін «Қазақстан азаматы» ұғымын жалпыұлттық бірегейліктің өзгеі етуге шақырады.

• ТАҒЫМ

Батырлар есімі – ел есінде



Елімізде Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің электронды базасы жасакталды. Аталған жобаны Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Qazcontent» АҚ қолға алып отыр. Бұл база – соғысқа қатысқан ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің аттарын мәңгі есте сақтауға арналған электронды ресурс.



База онлайн режимде толықтырылып, «Ер есімі – ел есінде» ақпараттық платформасында жинақталады. Сонымен қатар, әрбір қолданушы деректер базасын толықтыра алады. Ол үшін әрбір оқырман майдан даласына аттанған аталары туралы деректерін batylargatagzym.el.kz сайтына жүктеп, болмаса төмендегі поштаға

жолдауы қажет: elimai2012@gmail.com

Ардагерлер туралы жіберген ақпаратта аты-жөні, туған жері мен жылы, әскери атағы, соғыстағы ерліктері туралы толық мәліметтерін көрсету керек. Сонымен қатар, фотосуретін де тіркеу қажет.

Өз тілшімізден

• ҚАСІРЕТ

Валаам аралы

Көрсен көз тойтын көркем табиғатына қарамастан, бұл аралда адам айтса нанғысыз, көрген жан түршігетін, адамшылыққа жат дүниелер орын алған дейді түрлі дереккөздер. Бұл жерге шетелдіктер үшін мінсіз болған Кенес қалаларының әсем келбетін құртпас үшін Ұлы Отан соғысында жеңіс үшін жанын емес, он екі мүшесінің бірін берген мүгедектерді әкеліп, адам төзгісіз жағдайда ұстап келген дейді. Ақпараттың қаншалықты шындыққа саятынын білмедік, бірақ, «жел тұрмаса, шөптің басы қиылмайды» демекші, бәлкім, бұл айтылғандарда шындықтың бір ұшығы да бар болар. Егер олай болмаса, суретші Геннадий Добровтың суреттері қалай салынды дейсіз?

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Деректерге сүйенсек, мүгедектерді қала аумағынан жаппай шығаруды 1949 жылы, Сталиннің 70 жылдығы тұсында қолға алған деседі. Бәрін емес әрине. Туыстары да, тұратын жері де жоқ, омырауы орден мен медальға толса да, көшеде садақа сұрағандарды, туыстары бола қалған күннің өзінде мүгедектігімен сабытын салғысы келмейтіндерді жасырын түрде жаппай ұстап, Валаам аралына жөнелтті. Мүмкін, өліммен бетпе-бет келіп, қорқыныш атаулыдан ада болғандардан Кенес үкіметінің өзі де қорыққан болар...

Бүгінде Валаам аралында атаусыз қабірлер көп дейді. Белгісіз көп қабірдің ішінде тек біреуіне ғана ескерткіш орнатылған. Оны бірнеше жылдан кейін әкесін іздеп тапқан Кенес Одағының Батыры Григорий Волошиннің баласы орнатқан деседі...



Назарларыңызға суретші Геннадий Добровтың жасырын салған суреттерінің бірнешеуін ұсынамыз.

• БАЙҚАУ

Абайды дәріптеді Арқа өрені

Абай атындағы мектеп-гимназияда қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында XXIV республикалық «Абай оқулары» байқауының қалалық кезеңі өтті. Байқауға қала мектептерінен 120 оқушы қатысып, бақ сынады.

Аталған байқау жыл сайын қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, оқушылардың классикалық әдебиеттерді оқуға қызығушылығын ояту, Абай және Шәкәрім шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау, ұлылар поэзиясына, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында өткізіледі. Білім саласының облысы та-

нимал тұлғалары мен қала мектептерінің белгілі ұстаздары қазылар алқасының құрамында болып, оқушылардың өнерін бағалады.

Оқушылар байқауда алты номинация бойынша бақ сынап, Абай өлеңдері мен қарасөздерін, ақын шәкірттерінің шығармалары номинациясы бойынша №61 ЖББ мектебінің оқушысы Алина Наурызбаева, ал орыс тобынан Шәкәрім атындағы гимназия оқушысы Анастасия Ключкова бас жүлдені қанжығасына байлады. «Көңілім әнді ұғалды» аталымында өнер көрсеткен

шығармашылығы бойынша өнер көрсетті, эссе жазды.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» аталымы бойынша бас жүлдені №61 ЖББ мектептің оқушысы Нұрғасыр Изат иеленді. «Абайдың қарасөздері» аталымында №61 ЖББ мектептің оқушысы Ақшархат Эшқұлова бас жүлде алды. «Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары» номинациясы бойынша №61 ЖББ мектебінің оқушысы Алина Наурызбаева, ал орыс тобынан Шәкәрім атындағы гимназия оқушысы Анастасия Ключкова бас жүлдені қанжығасына байлады. «Көңілім әнді ұғалды» аталымында өнер көрсеткен

№8 ЖББ мектебінің оқушысы Аслан Қанатов, орыс тобында Е.Бөкетов атындағы ЖББ мектеп оқушысы Илья Кошиков бас жүлде иеленді. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» аталымында №25 ЖББ мектептің оқушысы Нұрасыл Аманжолға бұйырды. Осы аталымда орыс тобы бойынша Шәкәрім атындағы гимназияның оқушысы Виктор Каверин бас жүлдеге ие болды. Сондай-ақ, «Ұлылар әлемі» номинациясында бас жүлдені №61 ЖББ мектептің оқушысы Сезім Саят, ал орыс тобы бойынша Шәкәрім атындағы гимназияның оқушысы Полина Каверина алды.

XXIV республикалық Абай оқулары байқауының қалалық кезеңінде бас жүлде алған жеңімпаздар облыстық кезеңге жолдама алды.

Өз тілшімізден

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Арманай» Астанада олжалы оралды

Топар кентіндегі «Энергетиктер» Мәдениет үйінің жанындағы «Арманай» би тобы Астана қаласынан олжалы оралды. Олар Елорданың Оқушылар сарайында 30 сәуірде өткен балалар шығармашылығының халықаралық «Ғажайып жұлдыздар» би фестиваліне қатысып, «Шалқыма» биімен «Қазақтың таңдаулы биі» аталымы бойынша I орын, ал «Домбыра» биімен II орын алды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Би тобы 2013 жылы құрылған. Оған сол күннен бастап аталған Мәдениет үйінің директоры, өнер жанашыры Әдемі Әбдиева жетекшілік етіп келеді. Қазір бұл топтың құрамында 11-13 жас аралығындағы 30 қыз бала болса, репертуарында қазақ және басқа да халықтардың билері бар.

– Бұл жолы би бәсекесіне солардың арасынан 8 баланы апарғанмын, – дейді Әдемі Қыдырқызы. – Атап айтқанда, Алуа Мамаева, Нұрайлым Камай, Әзиза Сағадиева, Нұрлана Токметова, Әлмира Ержан, Фелис Елубаева, Әнел Хамза, Айкерім Белгібай есімді қыздар екі биді де әсем билеп, сан өнер ұжымдары қатысқан сайыста сыннан сүрінбей өтті.

Қазақстан, Ресей мен Қырғызстанның білікті биші маман-



дарынан құралған қазылар алқасы «Арманай» тобы жас бишілерінің

шеберлігін жоғары бағалап, алған I, II орындары үшін арнайы кубок пен

ды ынталандырары анық. Абай ауданы

Оқырман назарына!
Газетіміздің келесі саны бейсенбі, 11 мамырда шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Адрағат» ЖШС

Бас редактор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Карганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МХСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерлер: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтин, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№50 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**